



ЕУРАЗИЯНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АСТАНАСЫ

2

#БІЗБІРГЕМІЗ!



ОТАН – ҚУАТ, ОТБАСЫ – ШУАҚ

Алматыдан Атырау
облысына 20 тонна
гуманитарлық көмек
жіберілді

3

ЗЕРДЕ



АЛМАТЫ АРДАГЕРЛЕРІН АРДАҚТАДЫ

6

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ЭВЕРЕСТІ БАҒЫНДЫРДЫ

Қазақ қыздары әрқашан батыл қадамдарға бара білген. Сондай жанның бірегейі – спортшы Анар Бұрашева. Ол Әлемнің ең биік шыңын бағындырды. Бұған бастамашы – Kazakh Everest Team экспедициясы.

Дүние жүзіндегі ең биік шыңды бағындыру әркімдердің қолынан келе бермейтін іс. Бірақ біздің тау спортымен шұғылданушылар Анар Бұрашева мен Мақсұт Жұмаев Гималайдың ең биік нүктесіне көтерілді. Эвересттің биіктігі теңіз деңгейінен есептегенде – 8848 метрді құрайды.

Гималайдың қарлы қатпарлары өткелдері, ызғарлы ауа райы өте қолайсыз саналады. Көп жағдайда соншама өрге шығуға көбісінің жүрегі дауаламайды. Бұған тек 5 елдің альпинистері сәтті көтеріле алды.

Олардың қатарында жерлестеріміз – тарихта тұңғыш қазақ әйелі болып әлемнің ең биік шыңына көтерілген Анар Бұрашева бар, ал қазақтың еңбек сіңірген альпинисі Мақсұт Жұмаев бұл жетістік шыңға үшінші рет көтеріліп отыр. Жалпы, қазақстандық Эверест командасы көтерілуге бес күн жұмсады. Эверест шыңында спорттық-патриоттық экспедицияға қатысушылар Қазақтың көк байрағын көкке көтерді. Осылайша ұлтымыздың атын әлемге тағы бір мәрте мәшһүр ете білді.

Бұл ізгі іс болашақ ұрпаққа үлгі. Келешектегі қазақ спортшылары әлі талай шыңды бағындырары хақ. Соның ішінде нәзікжанды аруларымызға үлкен спорттық даңғыл жол салынды деп білеміз. Бұл спорттық ерлік – қазақтың генетикалық қанының мықтылығын аңғартады.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №39 (6490) 14 мамыр, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

МЫҢ БОЯУЛЫ МЕГАПОЛИС

«Алматы – біздің ортақ үйіміз»
жалпықалалық науқанының қорытындысы шығарылды



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елдімекендердің аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру туралы «Таза Қазақстан» акциясы аясында Алматы қаласының әкімдігі 2024 жылғы 8 сәуір мен 8 мамыр аралығында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанын іске асырды.

Суретті түсірген Самат СЕРКБАЙҰЛЫ.

5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.05.2024

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

15.05.2024

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ЕУРАЗИЯНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АСТАНАСЫ

Алматыда екі тараптың еш делдалсыз еркін келіссөз жүргізуі – бейбітшілік туралы келісімге келудің алғашқы қадамы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 15 сәуірде Арменияға жасаған ресми сапарында Оңтүстік Кавказ аймағындағы территориялық шиеленісті бейбіт шешу үшін Әзербайжан және Армения өкілдерін Қазақстанда келіссөз жүргізуге шақырған еді. Еліміздің ұсынысын қос тарап құрметпен қабылдап, 10 мамырда Алматы қаласы «Достық» үйінде Әзербайжан Республикасы Сыртқы істер министрі Джейхун Байрамов және Армения Республикасы Сыртқы істер министрі Арарат Мирзоян келіссөз жүргізді. Келіссөз барысында тараптармен ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу жеке және екіжақты форматта кездесу өткізді. Қаламызда Әзербайжан және Армения Сыртқы істер министрлері арасында өткен келіссөздің маңызды болуының негізгі екі себебі бар. Біріншіден, еліміздің халықаралық қауіпсіздікті сақтаудағы барлық тараппен өзара сенімге негізделген көпвекторлы сыртқы саясатының нәтижесі болса, екіншіден Алматы қаласында 1991 жылдың желтоқсанында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру бойынша «Алматы» декларациясының қайта жаңғыруы. Мақаламызда «Достық» үйінде өткен тарихи келіссөздің жеткен жетістігі мен ерекшеліктерін талдап көрелік.

• Әзербайжан және Армения тараптары Сыртқы Істер министрлігі деңгейінде келіссөздің қаламыздағы «Достық үйінде» жүргізілуінің символикалық мәні бар. Себебі, «Достық үйінде» 1991 жылы желтоқсанда, 1922 жылы КСРО-ны құру туралы бұйрық күшін жойып, орнына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымы құрылған еді. Нәтижесінде посткөненестік елдер арасындағы бірегей территориялық бөлінісін бекіткен «Алматы декларациясы» қабылданды.

«Қарабах» мәселесі: келіссөздер жалғасады

Қазақстан үшін Әзербайжан Республи-

касы да, Армения Республикасы да маңызды серіктес ғана емес, сонымен қатар стратегиялық әріптес елдер. Оңтүстік Кавказ аймағында геосаяси тұрақтылықтың орнығуы барлық тараптар үшін, халықаралық көлік-логистикалық тауар тасымалы үшін де өте маңызды. Әзербайжан мен Арменияның сыртқы істер министрлері болашақ бейбіт келісімін талқылау үшін Қазақстанда алғаш рет кездесуі бейбітшілік келісіміне жақындағанының айғағы деп білеміз.

Армения мен Әзербайжан тараптары талқылайтын келісім жобасы «Бейбітшілік және мемлекетаралық қатынастарды орнату туралы» деп аталады. Тараптар арасында Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі келіссөздер бірнеше айдан бері жалғасуда. Әзербайжан және Армения Сыртқы істер

министрлері арасындағы келіссөз осы жылдың ақпан айында Берлинде өткен еді. Алайда, Берлин келіссөзі нәтижесінде тараптар арасындағы келісім айтарлықтай ілгерілемеген. Алматыда өткен келіссөздің нәтижесі қазірдің өзінде мәселенің бейбіт келісімге бір қадам жақындағанын көрсетеді. Себебі, 10 мамыр күні Әзірбайжан Сыртқы істер министрлігі сайтында мәлімдеме жарияланып, бейбітшілік шарты жобасының атауы – «Бейбітшілік пен мемлекетаралық қатынастарды орнату туралы екіжақты келісім» деп көрсетілді. Мәлімдемедегі көрсетілген «екі жақты» деген атау Әзербайжан мен Армения арасындағы байланыстың үшінші тараптың араласуынсыз, делдалсыз тікелей келісімге келудің негіздері қалыптасқанының айғағы әрі

қаламызда өткен келіссөздің нәтижесі деп білеміз.

Сарапшылар пікірінше, Баку мен Ереван келісіміне 2024 жылдың қарашасына дейін қол қойылуы мүмкін. Себебі, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, сәуір айында өткен баспасөз мәслихатында Армения мен Әзербайжан арасындағы келісім Бакуде осы жылдың қараша айында өтетін БҰҰ-ның COP29 халықаралық климаттың өзгеруі бойынша конференциясын өткізгенге дейін мүмкін болатынын атап өткен. Армения Премьер-министрі, Никол Пашинян өз кезегінде аталмыш пікірмен келісетінін айтып, «Бейбітшілік шартында көрсетілген барлық принциптерді бекіту керек, қағидаттар жалпыға ортақ болып табылады» деп атап өткен еді. Сондықтан Оңтүстік

Әзербайжан мен Армения бітімге келе ме?

Алматыда 10 мамыр күні Әзербайжан мен Армения Сыртқы істер министрлері кездесіп, бейбітшілік жайын сөз етіп қайтты. Осы игі істің алды-артында Ереванда он мыңдаған адамдық ереуіл өткені де белгілі. Қазір де армян оппозициясы өз жақтастарын «мойынсұнбау» акциясына шақыру үстінде. Бұл наразылық тікелей бізде өткен келіссөзге қарсылық емес. Әйтсе де, бейбітшілікке шақырушы тарап ретінде, армян еліндегі демонстрация назарымызды аудармай қалмады. Оның үстіне шаһарымызда өткен аталмыш келіссөз процесі сол екі елге ғана емес, біз бен бізді қамтыған аймақтың бейбітшілігі мен тұрақтылығы үшін маңызға ие. Міне, осындай салмақты себептер Армениядағы наразылық астарына үңілуге, оған қоса аймақтағы соңғы жағдайды сараптап өтуге итермелейді.



үстелінде бейбітшілік сөз болып жатқанда, Еревандағы ереуілдің жайы не болды? Оқырманға тарқата кетелік.

Ең негізгі наразылық пен келіспеушілік неден туды?

Өткен аптада армян оппозициялық қоғамдық-саяси топ ұйымдастырған демонстрация соңғы екі жыл ішіндегі ең ауқымды наразылық шарасы болды. Жалпы саны 31 мыңнан астам адам қатысқанын жергілікті БАҚ жазды. Ең негізгі талабы – премьер-министр Никол Пашинянның отставкасы. Себебі, қазіргі биліктің Әзербайжанмен шекараны делимитация және демаркация жасауына қарсы болуда. Былайша айтқанда, Пашинянды Арменияның жерін беріп қойды деп айыптайды. 1990 жылдан бері Армения тарабы бақылауына алып келген төрт ауылдың жері Әзербайжанға өткеріліп берілді. Ең негізгі наразылық пен келіспеушілік осыдан туды.

Соғыс тоқтағанына көп болмады, жара жазылмады, шекараны айырып-бекіту мәселесінде мұндай наразылықтың болары сөзсіз. Сөйтсе де, бұл реткі наразылық шарасында

шықпады. «Ереуілге қандай көзқарастасыз?» деген журналистер сұрағына: «Қалыпты көзқарастамын» деп қана жауап берді.

Ереванға көз тіккен бірқатар сарапшылар оппозиция дегеніне жете алмайды деген пікірге келіседі. Үкіметті айтқанына көндіріп, Пашинянды орнынан кетіру үшін демонстрацияның массасы жетіспейтінін бәрі де айтуда. Армян жұртындағы қоғамдық-саяси өмірдің өткенінен қарасақ, ірі өзгерістер тек 100 мыңнан астам адам топтасқан наразылық ереуілдерінде болған. Осыған қарап, епископ бастаған наразы топтың жақтастары тым көп емес екенін білуге болады.

Аймақтағы мүдде

Бұл наразылық артында Ресей түр дейтін көзқарасты армян сарапшылары да айтуда. Армениядағы қауіпсіздік саясатын зерттеу орталығының жетекшісі Арег Кочинян ВВС-ге осыған ұқсас ой айтыпты. Ол жанжал ұзаққа созылған сайын Мәскеудің аймақтағы ықпалы да созыла беретінін,



Кавказ аймағында біртұтас тұрақтылықтың орнауы тұтас Еуразия аймағы үшін маңызды жетістік болмақ.

Қарабақтағы шиеленіс, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін орын алған бірден-бір күрмеуі қиын мәселе еді. Соңғы отыз жылда миллионға жуық адам босқынға айналып, шекара демаркациялық мәселелері ушыққан еді. Алайда, қазіргі таңда екі ел үшін де аймақтағы геосаяси тәртіптің өзгеруі ортақ келісімге келудің негіздерін қалыптастыруда. Өзербайжан мен Арменияның «Қарабақ» мәселесі бойынша келіссөзді Алматы қаласында жүргізуі негізгі екі себепке байланысты.

Біріншіден, еліміздің соңғы отыз жыл бойынша қалыптастырған көпвекторлық сыртқы саясатының нәтижесі. Бүгінде Қазақстан әлемдік саясаттың белді қатысушысы ғана емес, әрбір мемлекет сенім артатын, шиеленісті мәселелерге бейбіт шешім ұсынатын бейбітсүйгіш елге айналды.

Екіншіден, 1991 жылғы қабылданған «Алматы» декларациясының бүгінде маңызының артуы. 1991 жылы желтоқсан айында қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын қалыптастыру бойынша декларацияда кеңестік республикалардың территориясы тәуелсіз елдер шекарасы ретінде бекітілсін деген ұстаным қабылданған еді. Отыз жыл бұрын бұл ұстаным, Өзербайжан мен Арменияға қатысты мүмкін болмағанымен, бүгінде аталмыш ұстанымның маңызы қайта қаралуда.

Сонымен, Өзербайжан мен Армения СІМ басшыларының арасындағы Алматы келіссөздері аяқталды. Бұл қазақ дипломатиясының тағы бір маңызды жетістігі. Алматы процесі немесе Алматы форматы жалғасын табатыны – таппайтыны уақыт еншісінде. Бірақ өткен кездесуді қазірден-ақ табысты деп атауға болады. Екі делегация еш делдалсыз еркін түрде келіссөз жүргізіп, қол жеткізілген келісімдерді ілгерілетуді құптауы, бұл – бейбітшілік туралы келісімге келудің алғашқы қадамы деп білеміз. Сонымен қатар, бұл бейбітшілік пен ортақ келісімнің бірегей жақтаушысы ретінде Қазақстанның дипломатиялық жеңісі.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



келісімге келіп, бітім жасауды қос тарап та құп көретінін жеткізген.

Шын мәнінде, Екінші Қарабақ соғысы мен Украинадағы жағдайдан кейін Ресейдің Оңтүстік Кавказ аймағындағы ықпалы бұрынғыдан әлсірей түсті. Қазір бітімгершілікті сақтаушы күштері де аймақтан шығып кетті. Бірақ бұндай сценарийді Мәскеудің қаламайтыны белгілі. Армян сарапшысының меңзеп отырғаны да сол, Мәскеу аймақтағы мүддесін алға жылжыту үшін әрекет еткісі келеді. Бірақ мәселені бір тарапты қараудан көрі, ел ішінде Ресейді жақтаушы азаматтардың әлі де бар екенін ескерген де жоқ. Айталық, Арменияның батысқа қарай қарқынды ұмтылысы Ресеймен қарым-қатынасты бұзып, ұзақмерзімдік мүддеге кері әсер етеді деп санайтындары да бар.

Екі елдің ендігі бағыты

Өзербайжан да, Армения да арадағы қайшылықты шешіп, бейбітшілікті қалпына келтіруді қалайды, бұл сөзсіз. Қазақстан тарабы ұсынған келіссөз алаңын қабыл алып, екі ел СІМ жетекшілерінің жылы жүздесіп қайтуы да соның бір көрінісі. Ендігі мәселе қос тараптың мүддесін үйлестіруде қалса керек. Әрине, мәселе тек шекараны делимитациялау және демаркацияны жүзеге асырумен шешіле кетпейді. Оның соңында көптеген мәселелер тұр. Мысалы, Өзербайжан өзінің негізгі анклавмен тұтасатын дәлізге ие болуды қалайды, Армения да бұл тарапта оқшауланып қалғысы келмейді. Егер тараптар осы бағыттағы мүдделерін ортақтастыра алса, онда Алматыда басталған игі бастама тұрақты бейбітшілікке жол ашады. Екі ұлттың ұзақ болшағынан алғанда да Баку мен Ереванның ендігі бағыты егесті кенеске, жаулықты татулыққа ауыстыру болмақ.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



● ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫНАН KEЙІНГІ ОЙ

ҮКІМЕТТІҢ 100 КҮНІ:

мемлекет пен бизнес арасында сенімді байланысқа ұмтылыс байқалады

Биыл Мемлекет басшысы жаңа Үкіметке бірқатар тапсырма берген болатын. Соның бірі, әрі ең маңыздысы – экономиканы ырықтандыру туралы ұсыныстарды енгізу. Содан бері 100 күн өтті. Берілген тапсырма орындалды. 10 мамырда Президент Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы жарлыққа қол қойды. Жарлықта экономиканы ырықтандыру, жекешелендірудің жаңа кезеңі жайлы жазылған. Ендеше, құжат халыққа қандай пайда әкелетіні туралы ой өрбітсек.

Тэтчеризм мен рейганомика элементтері бар

Әлем тарихынан экономиканы ырықтандырудың сан алуан моделі белгілі. Тэтчеризм, рейганомика, кейнсиандық және тағы-сын тағы. Бұлар жалпы батыстық модель деп аталады. Ден Сяопиннің Қытайдағы реформасы мен Ли Куан Ю-дің Сингапурдағы экономикалық саясаты шығыстық модельге жатады. Олардың әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бірақ экономика саласына етене араласпай, саяси астарына назар аударсақ.

Қандай модель болмасын, қай елде жүзеге асқанына қарамастан оларға тән бір маңызды мәселе бар. Ол мемлекеттің экономикаға араласу деңгейі. Экономиканы мемлекеттік реттеу қаншалықты болуы тиіс? Міне, осы ең маңызды сұрақ.

Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Маргарет Тэтчер мен АҚШ-тың бұрынғы президенті Рональд Рейган жүзеге асырған саясат мемлекеттің экономикаға араласуын шектеді. Ал АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі президенті Франклин Рузвельттің саясаты, керісінше, шектен тыс мемлекеттік реттеуге сүйенді. Кейнсиандық модель аясында АҚШ-та Үкімет дағдарысты тікелей өзі реттеп, нарық ісіне араласты. Соған ұқсас реформа Сингапурда жүзеге асты. Дэн Сяопиннің реформасы елден ерекше болды. Онда мемлекеттік реттеу нарықтық қатынастарды қалыптастыруға бағытталды.

10 мамырда Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған құжатты зер салып қарасақ, батыстан да, шығыстан да тәжірибе алғанын көреміз. Яғни бір жағынан мемлекеттік реттеуден бас тартпаған, екінші жағынан жекешелендіру, цифрландыру арқылы мемлекет пен бизнес арасында сенімді байланыс орнатуға ұмтылыс байқалады. Әсіресе, тэтчеризм мен рейганомиканың маңызды элементтері алынған.

Ырықтандырудың қазақы жолы

Жарлыққа сүйенсек, экономиканы ырықтандыру келесі бағыттар бойынша жүзеге аспақ:

1. Жеке меншікке қолсұғылмаушылықты қамтамасыз ету;
2. Жеке кәсіпкерлік қызметінің еркіндігі және мемлекеттің нарықтық қатынастарға заңсыз араласуын болдырмау қағидаттарын толығымен іске асыру;
3. Нарыққа қатысушылардың арасындағы еркін бәсекелестікті дамыту мен қорғауды қолдау;
4. Нарыққа қол жеткізу үшін реттеуші және әкімшілік кедергілерді, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін жасанды артықшылықтарды жою;
5. Мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарды әкімшілендіруге бизнестің жұмсалатын шығындарын жаппай азайту.

● #БІЗБІРГЕМІЗ!

ОТАН – ҚУАТ, ОТБАСЫ – ШУАҚ

Алматыдан Атырау облысына 20 тонна гуманитарлық көмек жіберілді

Халықаралық Отбасы күні қарсаңында Алматы қаласы мен Алматы облысынан су тасқынынан зардап шеккен Атырау облысына 20 тонна гуманитарлық көмек жіберілді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Көмек жинауға ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия бастамашы болды. Алматы қаласы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшелері, Алматы облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшелері мен Алматы қаласы және Алматы облысы Жастар саясаты басқармасының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері атсалысты.

«Су тасқынынан зардап шеккен аймақтардағы жағдайды бәріміз бақылап отырмыз. Осы қиын сәтте күш біріктіріп, мұқтаж адамдарға көмек көрсету маңызды. Біздің күшіміз – бірлікте. Бірікпек қана басқа түскен қиындықтарды жеңеміз. Ха-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

лықаралық Отбасы күні қарсаңында біз көмек пен қолдаудың маңызын ерекше түсінеміз. Атырау облысына азық-түлік, қажетті заттар, төсек-орын жабдықтары, медициналық препараттар, киім-кешек және т.б. жалпы салмағы 20 тонна көмек жіберілді. Гуманитарлық көмек Атырау облысына бүгін жетеді», – деді Алматы қаласы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Гүлнар Қасымбекқызы.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәди АХМЕТОВ,
Алматы облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы:

СӨЗДІҢ ЕМЕС, ІСТІҢ АДАМЫ БОЛАЙЫҚ!

Еліміздің біраз өңірін су алып жатқанда қол қусырып отыра алмадық. Үлесімізді қосу үшін осыдан бір ай бұрын Алматы облысында волонтерлік штаб құрылды. Штабқа 500-ден астам ерікті жиналды. Одан бөлек, ақшалай көмек, 171 техника жіберілді. Бұған дейін Алматы облысынан кәсіпкерлер мен меценаттар, қоғамдық ұйымдар, партиялар, жергілікті жердегі депутаттардың көмегімен 400 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жіберілді. Құтқарушылар су тасқыны болған аймақтарға аттанды. «Қазақстан халқына» және «Демеу Қазақстан» қоғамдық қорларына 100 миллион теңге аударылды. Осындай қиын сәтте бәріміз сөз емес, іс жүзінде күшіміз бірлікте екенін көрсетуге тырысып жатырмыз. Бүгін сол жұмыстың жалғасы ретінде Отбасы күніне орай тағы да гуманитарлық көмек жібердік. Гигиеналық және тұрмыстық заттар жөнелтілді.

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.





ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

ҰЛТТЫҚ БІРЛІК
МӘСЕЛЕСІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматының Достық үйінде «Қазақстан Республикасында мемлекеттік этносаясатты іске асыру мәселелері: проблемалар мен перспективалары» тақырыбында ғылыми конференция өтті.

Досбол
АТАЖАН

Ғылыми конференция ҚР ҚМ ҒК Фило-софия, саясаттану және дінтану инсти-тутының Саяси зерттеулер орталығының бастамасымен этносаяси және этноәлеуметтік проблемаларды, оның ішінде мемлекеттік этносаясатты одан әрі іске асыру, Қазақстанда және әлемде тарихи сананы жаңғырту мәселелерін талқылау мақсатында ұйым-дастырылды. Халықаралық жиынға Германия, Италия, Польша және Грузияның саясат-танушылары мен мамандары қатысты.

— Бүгінгі ғылыми конференция барысында этносаясат мәселесі талқыланды. Этно-саясат дегеніміз — әртүрлі этнобірлестіктер мен этникалық топтардың арасындағы байланыс, ұлттық бірегейлікті қалып-тастыру бағытындағы жұмыс және әлемдік тәжірибе. Елдегі саяси-әлеуметтік және экономикалық реформалар барысында әртүрлі мәселелер туындайды. Ондай сұрақ-тардың жауабы бүгінгі секілді пікірталас алаңдарында табылып, мемлекетке ұсы-нылып жатады. Қазіргі әлемдегі геосаяси жағдайлар шиеленісіп тұрған уақытта ұлт, тіл секілді өте өткір сұрақтарға ғылыми орынды жауап іздегеніміз дұрыс, — деді Саяси зерттеулер орталығының директоры Айдар Әміребаев.

Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы қаласы ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының төрағасы Мұхтарбек Шайкемелев конференция барысында еліміздегі басты этносаяси мәселелерге тоқталып өтті.

«2021–2023 жылдардағы этносаралық ахуалға байланысты жүргізген мониторинг пен зерттеуіміздің нәтижесіне тоқталып өтейін. Біз негізінен Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне зерттеу жүргіздік. Белгілі бір жағдайларда қақтығысқа әкелетін себеп-тердің біріншісі — әлеуметтік-экономикалық жағдай, яғни тауарлар бағасының қымбат-тауы, су мәселесі, егіс жерінің жетпейуі және тағы басқа. Екінші себеп — тіл мәселесі. Бұл да қоғамдағы маңызды сұраққа айналып отыр. Дегенмен, Жаркентке барғанымызда ол жақтың адамдары «бес саусақ секілді әртүрлі болғанымызбен, бір жұдырықтай бірлеміз» деп айтқаны бар. Үшінші, ішкі мигранттар мен елге қайта оралған қандаст-тар мәселесі. 1991 жылдан бері елімізге қандастарымыз оралып, азаматтық алып келеді. Бірақ олардың жергілікті халықпен байланысы барысында кейде қиындықтар туындайды», — деді Мұхтарбек Шайкемелев.

ФЕСТИВАЛЬ

Алматыда TURAQTY JOL республикалық экологиялық идея мен жобалар фестивалі өтті.

TURAQTY JOL — мәдени-адамгершілік және экологиялық құндылықтарды бойына сіңіру арқылы өскелең ұрпақты туған жерге ұқыпты қарауға бағыттайтын бастама. TURAQTY JOL экологиялық идеялар мен жобалар фестивалін өткізу дәстүрлі түрде басты оқиға шеңберінде қатысуға, эко-логиялық мәдениетті дамытуға және елдің тұрақты даму жолындағы қозғалыс векторын нығайтуға бағытталған нақты және тиімді экологиялық бастамалары бар, 16 мен 35 жас аралығындағы жас экологиялық белсенділер шақырылды.

Еліміздің барлық өңірінен жіберілген 300-ден астам өтінім арасынан 10 команда



АЛЬПИНИАДА

БАТЫР-ПАНФИЛОВШЫЛАР ШЫҢЫНА ШЫҚТЫ

«Алматы–2024» альпиниадасы аясында алматылықтар мен қала қонақтары Батыр-панфиловшылар шыңына шықты.

Айта кеткен жөн, альпиниада 7 мамыр күні өту керек болған. Алайда, қар көшкіні қаупіне байланысты іс-шараның ұйымдастыру комитеті Батыр-панфиловшылар шыңына жаппай көтерілу мерзімін өткен демалыс күніне ауыстырған болатын. Альпиниадаға 1500 адам тіркеліп, жарыс күні 400-ге жуық қатысушы келді. Альпиниадаға қатысушылар шыңға шығу жолын сағат 05.30-да Медеу таулы мұз айдынынан (1600 м) бастады. Альпинистердің бағыты келесідей болды: «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты, одан әрі

ӨНЕРТАПҚЫШТАР
ЕҢБЕКТЕРІН КӨРСЕТТІ

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

іріктелді. Іріктелген командалар үшін арнайы шақырылған жетекші сарапшылардың қатысуымен онлайн шеберлік сыныптары, тренингтер мен воркшоптар өткізілді. Ақтық кезеңге өткен командалар 15 миллион теңге көлеміндегі жүлде қоры үшін бақтарын сынады. Ол үшін финал барысында команда капитандары қазылар алқасы мүшелеріне өз эко идеяларын таныстырып және нақ сол жобаны іске асыру керек екенін дәлелдеу керек. Жүлде қоры келесідей: бірінші орын — 6 миллион теңге, екінші орын — 4 миллион теңге, ал үшінші орын — 3 миллион теңге, сондай-ақ әрқайсысы 1 миллион теңге-ден 2 ынталандыру сыйлығы тағайындалды.

TURAQTY JOL — Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Федерациясының бас серіктесі ЦентрКредит Банкі және ресми серіктесі

«Шеврон» компаниясымен ынтымақтастықта табысты жүзеге асырылған жобаның төрт циклінің жалғасы болып табылады.

Жобаның іске асырылуы Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңсесі қолдауымен өткізілді. Жобаның ақпараттық серіктестері — Alash Media Group және Nur Media медиа холдингтері.

«Біз жастарға қолдау білдіргіміз келеді. Соның ішінде жас өнертапқыштарға жол көрсетуге тиіс. Әр ойлап табылған жоба ертеңгі инновациялық жаңалық болып саналады. Ол ақылды адамдардың арқасында жүзеге асады», — деді ұйымдастырушы Болат Ақшопақов.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Тұйықсу және Мыңжылқы шатқалдары (3000 м) — Мәншүк Мәметова мұздығы (3600 м) — Мәншүк Мәметова асуы (3900 м) — Батыр-панфиловшылар шыңы (4120 м). Бағыт күрделілігі альпинистік 1А санатында

бағаланды. Альпиниаданың қауіпсіздігін Алматы қаласы альпинизм федерациясының, Тау құтқарушылар қауымдастығының, Алматы қаласы әкімдігінің құтқару қызметі қамтамасыз етті. Спорттық іс-шара халықты және жастарды туризмнің белсенді түрлеріне тарту, тау альпинизмін дамыту мақсатында өткізілді. Биыл Альпиниада «Алматы — біздің ортақ үйіміз» науқанына орай ұйымдастырылды.

Айта кеткен жөн, Панфилов басқарған даңқты дивизияның атымен аталған Панфилов батырларының шыңы — қызыл әскер қатарында болған қазақстандық жауын-герлердің батылдығы мен батырлығының символы. Шыңды алғаш рет 1942 жылы Бүкілодақтық тау-кен даярлау мектебінің курсанттар тобы бағындырған. Батыр-панфиловшылар шыңына жаппай шығу 2012 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қала көшелеріндегі шұңқырларды жөндеудің 90 пайызы 5 жылдан астам уақыт бойы орташа жөндеу жүргізілмеген жолдарға тиесілі.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазіргі таңда Алматыда ағымдағы көше-жол желісін жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қала әкімдігінің баспасөз қызметі мамандарының ақпаратына сүйенсек, әр ауданның мердігерлік ұйымдары мониторинг барысында және қала тұрғындарының түрлі арналар арқылы келіп түскен өтініші негізінде анықталған шұңқырларды жөндейді.

«Мысалы, Telegram арнасындағы жол инфрақұрылымына арналған @AlmatyJolybot чат-ботына 23 сәуірден бастап күн сайын 30–40 өтінім тіркеледі. Барлығы 400-ден астам өтініш келіп түсті, оның 70%-дан астамына тиісті жауап берілді. Сондай-ақ, өтінімдер open-almaty.kz интернет порталы мен eOtinish сервисі арқылы келіп түседі», — деп атап өтті әкімдіктен.

Жалпы, жұмыс басталғалы 41 мың шаршы метр жол

ЖОЛ ҚАДІРІН ЖҮРГЕН БІЛЕР...

Алматыда 274 көшеде орташа
жөндеу жұмыстары жүргізіледі

төсемі жөндеуден өтті. Бұл ретте жыл соңына дейін 310 мың шаршы метр асфальтбетон жабыны бар жолдарды жөндеу жоспарланған.

«Айта кету керек, ағымдағы жөндеу жол төсемінің ұсақ зақымдануы мен апаттық қазылуының алдын алу және шұғыл түзету үшін жүргізіледі. Талдау көрсеткендей, Алматыда шұңқырларды жөндеудің шамамен 90%-ы 5 жылдан астам орташа жөндеу жүргізілмеген жолдарға, сондай-ақ инженерлік желілерді салу және жөндеу жүргізілген учаскелерге тиесілі», — деп хабарлайды қала әкімдігі.

Биыл ұзындығы 250 шақырым болатын 274 көшеде орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарда тұр. Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылы Алматыда ұзындығы 200 км болатын 175 көшеде жол жабынына орташа жөндеу жүргізілді, орташа жөндеуге кепілдік мерзімі 3 жыл, осы уақыт ішінде мердігер кез келген ақауды өзі түзетеді. Бұл ретте былтыр пилоттық режимде қаланың 15 магистральдық көшесінде жөндеу кезінде жолға және жарыққа төзімділікті арттыруға бағытталған полимерасфальтобетон пайдаланылды. Мұндай қоспалар тозуға төзімді, жұмсарту температурасы жоғары (65–70°C), сондықтан ыстыққа төтеп бере алады, әлдеқайда ұзағырақ — қазіргі 5 жылдың орнына 8–10 жылға дейін пайдалануға болады. Биыл да бұл тәжірибе жалғасады.



АБАТТАНДЫРУ

МЫҢ БОЯУЛЫ МЕГАПОЛИС

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» жалпықалалық науқанының қорытындысы шығарылды

(Басы 1-бетте).

Мақсаты қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау құндылықтарын қалыптастыру, халық арасында жоғары азаматтық жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті тәрбиелеуді көздейтін науқан «Біздің қала – біздің көшелер» (8–14 сәуір), «Біздің қала – біздің аула, біздің үй» (15–21 сәуір), «Біздің қала – біздің таулар, өзендер мен көлдер» (22–28 сәуір), «Біздің қаламыз – біздің мақтанышымыз» (29 сәуір – 8 мамыр) секілді 4 тақырыптық аптаға бөлінді.

400 мыңнан астам адам қатысты

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының барлық іс-шарасына қала тұрғындары, экobel-сенділер, қоғамдық ұйымдар мен ҰЕҰ өкілдері, мәдениет және спорт қайраткерлері, кәсіпкерлер, белсенді жастар мен еріктілер т.б. 409 203 адам қатысты.

Көшелерді тазарту жұмыстарымен қоса, науқан барысында қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық құндылықты қалыптастыруға бағытталған көптеген шығармашылық байқау, акция мен іс-шара өткізілді. ҰОС ардагерлеріне, мүгедектерге және жалғыз тұратын зейнеткерлерге көмек көрсетуге бағытталған «Жақыныңа жәрдем бер» акциясы жоғары сұранысқа ие әрі дер кезінде қолға алынған акцияның бірі болды. Акция қорытындысы бойынша 992 ерікті бақ пен аула аумағын тазалап, қоршауды, орындық пен баспалдақты сырлады, 349 көмекке мұқтаж адамның үйіндегі ағашты кесіп, қоқыс шығарды.

Мың бояулы мегаполис

«Таза Қазақстан» республикалық эоакциясы және «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны аясында мегаполисте көше инфрақұрылымын ретке келтіру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

«Қоршауынды / орындығынды / беседқанды боя» акциясы тұрғындар арасында ерекше сұранысқа ие болды, акция аясында алматылықтарға 4240 л бояу және 590 л еріткіш берілді. Акция ұйымындағы аумақтық эстетикалық мазмұнын және жеке тұрғын үйлердің қоршауын жақсартуға бағытталған. Акцияға қатысқысы келетіндерге лак-бояу материалдары тегін берілді.

Науқан басталғалы бері жолайырықтар мен көпірлердің қоршауларын, 1765 аялдама кешендерін жуу, 134 жерасты және жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерін тазалау жұмыстары жүргізілді.

Қалада 10 мыңға жуық жол белгісі орнатылған бағана, аркалар, консольдер, шкафтарды қосқанда, 470-тен астам бағдаршам нысандары жуылып, боялған.

15 мыңға жуық орындық, 25 мың коқыс жәшігі жуылып, боялды, 1485 контейнерлік алаң дезинфекцияланып, жуылды. Жергілікті қоғамдастықтармен бірлесіп 5567 аула аумағы тазартылды.

Сонымен қатар, Достық, Байтұрсынов, Гагарин, Райымбек, Сәтбаев, Бұқар жырау, Тимирязев, Рысқұлов, Момышұлы сияқты магистральдық және аудандық көшелерде 41 000 шаршы метрден астам асфальтбетон жабыны бар жолдар ағымдағы жөндеуден өтті.

Қоқыс та кәдеге жарап тұр

«Мерзімі өткен дәрі-дәрмекті тапсыр –

табиғатты сақта» акциясы аясында 36 қалалық емханада ашылған қабылдау пунктіне 2815 дана немесе 76 келіден астам пайдалануға жарамсыз дәрілік препараттар келіп түсті. Акция мерзімі өткен дәрі-дәрмектерді дұрыс кәдеге жарату және олардың қоршаған ортаға әсері туралы халықтың сауатын арттыруға бағытталған.

2300 кг қайта өңдеуге арналған материалды тұрғындар сыйлық купонына айырбастау арқылы қайталама шикізатты (пластикалық бөтелке, макулатура, алюминий банка, мөлдір шыны) жинауды ынталандыруға бағытталған «Қоқысты тамаққа айырбаста» акциясы аясында жинады. Барлығы 11 қабылдау пункті жұмылдырылды, акцияға қатысушыларға 1867 азық-түлік купоны берілді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында биыл 3 мамырда Арбатта техникалық режимде пластикалық бөтелке мен сусыннан алюминий банкарды қабылдау бойынша алғашқы фандомат орнатылды. Жиналған қайталама өңделетін шикізатты пайдалы тауарлар өндіретін кәсіпорындарға қайта өңдеуге беріледі. Оның орнына тұрғындар ақшалай түрде бонустар ала алады немесе оларды қайырымдылық мақсатқа бере алады.

Кәсіпкерлер де атсалысты

Жалпықалалық науқанда алматылық кәсіпкерлер де шет қалмады. Алматының таза қала болуына үлес қосу үшін науқан аясындағы «Таза қасбеттер» акциясы ұйымдастырылды. Онда ғимараттардың іргелес аумақтары тазаланып, терезелер мен витраждар жуылды. Мандайшалар мен билбордтар ретке келтірілді. Аталмыш акцияға 1600-ден астам коммерциялық ұйым – ірі сауда-ойын-сауық орталықтары, бизнес-орталықтар, қонақүйлер, базарлар, супермаркеттер, дәріханалар, азық-түлік дүкендері және т.б. қатысты.

Оқушылардың енбегі зор

«Таза таулар: қоқыс жинап, түскі асты тегін ал» акциясы барысында қала тұрғындары мен еріктілер Кіші және Үлкен Алматы шатқалдарындағы «Горельник» және «Аюсай» визит орталықтарының аумағына 600 келі қоқыс жинады.

Айта кетейік, «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына қала мектептері мен жоғары оқу орындарының оқушылары белсенді қатысты. Биыл 11 сәуірде «GreenTech», «CleanTech» және «ClimateTech» номинациялары бойынша үздік стартап-жобаларға байқау басталды, оның қорытындысы бойынша 3 мамырда Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында «Eco Solutions Hackathon» форматында жарыс өтті. 500-ден астам қатысушы инновациялық жобалар мен технологияларды құру үшін командаларда жұмыс істеді. Тағы 500-ге жуық оқушы «Құстарға ұя сыйлайық» челленджіне қатысты. Технология сабағында 1 мыңнан астам ұя дайындалып, мектеп ауласына, саябақтар мен скверлерге орнатылды.

Комьюнити-орталықтарда «Әлеуметтік шеберхана», «ЭкоСорт: таза қала үшін бірге», «Батарея тапсыр, табиғатты сақта», «Өмір ағашы: өз ағашынды отырғыз» жастар акциялары, «Аквариум», «Таза ойындар», «Мұраны сақтау:

ескерткіштерді тазалау», «Мейірімге толы ауыл», «1 қаптама пластик = 1 келі алма», «Жақсылық ауалары: ардагерлер мен мұқтаждарға көмек» және т.б. ұйымдастырылды. Жастар ұйымдарының еріктілері мен өкілдерімен бірге 103 мың адамды қамтитын 75 іс-шара өткізілді. Студенттердің күшімен (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЕТУ, Абылай хан атындағы ҚазХЖӨТУ, АЭЖБ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Л.Б.Гончаров атындағы ҚазАЖИ, ҚБТУ, АГЭУ, ЕТУ, АТУ, С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ) 19 мың шаршы метр аумақ абаттандырылып, тазартылды.

Науқанды спорттық жүгіру қауымдастығы қолдады. Баум тоғайында 500-ден астам адамның қатысуымен плоггинг жарысы өтті. Шығармашылық топтар мен мәдениет қайраткерлері науқанға бірқатар шығармашылық жобамең үлес қосты. «Қоқыстан жасалған үздік арт-нысан» байқауына 30-дан астам өтінім келіп түсті. Жүлде қорын демеуші тағайындады, ол шамамен 2 млн теңге. Жеңімпаздардың жұмысы креативті экохабта және комьюнити-орталықтарда көрсетіледі.

Бір айда 30 мың ағаш отырғызылды

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталғалы бері қала аумағына 30 мыңнан астам жапырақты ағаш және 5 мың бұта егілді. Мысалы, Нью-Йорктің әйгілі Орталық саябағында 18-ден 25 мыңға дейін ағаш бар. Көбінесе әлемде жапырақты ағаштардан тұратын үлкен саябақтар «қаланың өкпесі» саналады.

27 сәуірде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен қала тұрғындары, қоғам қайраткерлері, депутаттар, кәсіпкерлер, кино және шоу-бизнес өкілдерінің қатысуымен «Алматы – бақ қала» акциясы аясында ағаш егілді. Акция барысында қаланың барлық ауданында 8205 жасыл желек, оның ішінде 4 мыңнан астам алма ағашы отырғызылды.

Сонымен қатар, «Жасыл аула» акциясы аясында қала тұрғындарына 3 мың көшет, «Алматы – бақ қала» жалпықалалық акциясы барысында 8 мыңнан астам көшет таратылды.

Биыл 19 сәуірде барлық жалпы білім беретін мектептерде «Мектеп ауласының оазисі» ландшафты дизайн фестивалі өтті. Фестиваль аясында 5–11-сынып оқушылары 20 мыңнан астам гүл, 430 жеміс ағашы және 200 туя көшеті отырғызылды.

Науқанға нүкте қойған жоба

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен басталған және қоғамдық кеңістіктер мен экологияға ұқыпты қарауға бағытталған «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны «Мусорги» флешмобымен аяқталды.

Қоқыс түріндегі костюмді кейіпкерлерді алматылық суретшілер тобы жасаған, олар осылайша тиімсіз тұтыну мен табиғи ресурстарға жауапсыз қарау салдарына назар аударуға тырысты. Флешмоб тұжырымдамасы бойынша «Мусорги» орталық көшелердің бірі Панфилов бойымен жүріп, Арбатта шеру аяқталды. Жүздеген қала тұрғыны экологиялық мәселені дер кезінде шешудің маңызы туралы пікір білдіріп, ерекше арт-жобаны көруге келді. Жобаға «Астана моторс» компаниясы демеушілік көрсеткен.

Іс-шара барысында Алматы қаласы әкімінің

орынбасары Әлішер Әбдіқадыров сөз алып, «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына белсенді қатысқан және қолдау көрсеткен барлық азаматқа, қоғам қайраткеріне және бизнес өкіліне алғыс айтып, 8 мамырда ресми түрде аяқталғанына қарамастан, науқан қала тұрғындары үшін өмір салтына айналып, игі істер жалғасын табуға тиіс екенін айтты.

– Құрметті тұрғындар! Бір ай бойы сіздермен бірге сүйікті қаламызды ретке келтірдік. Көше, саябақ, сквер, тау мен өзен жасауың қоқыстан тазаладық, ағаш пен гүл отырғыздық, ауланы жөндедік, қоршау мен қасбетті боядық, ардагерлер мен зейнеткерлерге көмектестік. Бүгін еселі еңбектің нәтижесін көріп отырмыз, бірлескен жұмыстың арқасында қаламыз тазарып, жасыл желекке айналды. Мұндай жұмысты біз үнемі жүргізетінімізді атап өткім келеді. Бұл біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігі болуы керек. Мен қала тұрғындарын Алматының еліміздің ең мәдени әрі таза қаласы болуы үшін қолдан келгенін бәрін жасауға шақырамын! – деді Әлішер Әбдіқадыров.

– Экологияны қорғауға арналған шеруге 40-қа жуық адам қатысты. Оның ішінде «Мусорги» кейіпкерлері, қуыршақ театрының қызметкерлері және қала тұрғындары бар. Бұл кейіпкерлерді жасауға кәсіби суретшілер, қала тұрғындары белсене атсалысты. «Мусорги» әрбір кейіпкері қаламыздың ауаандарымен байланысты. Мысалы, «Шаман-Котлован» кейіпкері Алатау ауданына қатысты. Яғни ол ауданда жаңадан салынған жатқан нысандар көп болған соң, құрылыс қоқыстары үлкен мәселе тудыруда. Сол сияқты әр кейіпкер бір-бір мәселені қозғайды. Жалпы бұл екінші рет өткізіліп отырған шеру. Басты мақсатымыз – қаламыздың табиғатын қорғау болып табылады, – деді шеруді ұйымдастырушы Евгения Сабитова.

– Біздің кейіпкеріміз «Қоқысбике Мұнай-қызы». Оны жасауға арналған материалдарды қаламыздың өзен жағалауларынан жинадық. Байқағанымыз бойынша тұрғындар кофе стакандары, бөтелкелер мен пакет қалдықтарын көп тастайды екен, – художник Мария Ли.

«Біздің қала – біздің мақтаныш» науқанының төртінші аптасында «Қоқыстан жасалған үздік арт-объект» байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Естеріңізге сала кетейік, шығармашылық сайысқа кез келген адам қатыса алды. Өтінім осы жылдың 12–30 сәуірі аралығында қабылданды. Барлығы 30-дан астам өтінім келіп түсті, оның 15-і мақұлданды. Байқау қорытындысы бойынша студент Әли Жадыковтың «Ластанған сана» жобасы (1 млн теңге көлеміндегі жүлде) коқыстан жасалған үздік арт-объект болып танылды, екінші орын мүсінші Куаныш Мұхамеджановқа бұйырды, ол ескі ұйымдастыру техникасынан «Қара жылқы және қазақ тазысы» атты робот жасаған (жүлде – 500 мың теңге), үшінші орынды жас сәулетші Даниэль Юсуфовтың «Architecton – Anthropocene» атты жұмысы (жүлде – 300 мың теңге) иеленді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» акциясы аясында Алматы қаласы әкімдігі 2024 жылғы 8 сәуір мен 8 мамыр аралығында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанын өткізді. Кең ауқымда ұйымдастырылған іс-шара қала тазалығын сақтауға, абаттандыруға және қоғамдық мүлікті күтіп ұстауға үлкен септігін тигізді.

Әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,

Ернұр РЫСБАЙ

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 79 ЖЫЛ!

Алматыда Ұлы Жеңістің 79 жылдығы тойланды. Дәстүр бойынша негізгі мерекелік іс-шаралар 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта өтіп, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қатысуымен Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.



АРДАГЕРЛЕРІН АРДАҚТАДЫ

Ернұр
РЫСБАЙ

Әкім майдангерлерді мерекемен құттықтап, ұрыс алаңында және еңбек майданында көрсеткен ерліктері үшін алғыс айтып, зор денсаулық, мол бақыт, амандық тіледі.

Өз кезегінде ардагерлер кездесу бары-

сында қала басшылығына назар аударғаны үшін ризашылық білдіріп, Алматы тұрғындары мен қазақстандықтарға бейбітшілік пен жақсылық тіледі. Сондай-ақ, естелігін бөлісіп, өлең оқып, соғыс туралы әндер айтты.

«Жеңіс күні еліміздің әр азаматы үшін маңызды мереке. Бұл біздің және келешек ұрпақтың жадында мәңгі болатын тарихи күн. Біздің батыр аталарымыздың ерлігі. Сол ерліктерінің арқасында аспанымыз ашық, бейбітшілік орнаған заманда өмір сүрудеміз. Менің екі атам да соғысқа қатысқан. Қуанышымызға орай екеуі де қайта оралды. Менде сол кісілердің ізін қуып әскери адам болдым. Ауғанстан мен Тәжікстан шекарасында қызмет еттім», – деді жапастағы майор Ринат Юлдашев.

28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта қала тұрғындары мен қонақтары үшін далалық асүй ұйымдастырылды, мерекелік концерт өтіп, қазақстандық артистер майдан әндері мен соғыстан кейінгі жылдардағы әндерді шырқады.

«Ұлы Отан соғысының ержүрек батырларын еске алу үшін бүгінгі іс-шараға келіп отырмын. Бұл тарихта ойып тұрып орын алған күн. Біз әрдайым қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда кімнің арқасында

өмір сүріп жатқанымызды ұмытпауымыз керек. Менің атам Зейнулла Шалтаев Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғысқа ерте жасында шақырылған. Аяғынан жарақат алса да, жеңіспен оралды. Бізден кейінгі ұрпақ та батырларымыздың ерлігін ұмытпаса екен», – деді қала тұрғыны Айдарбек Шушаев.

Сондай-ақ, Алматыда Б.Момышұлы монументіне, Т.Бигелдинов, С.Нұрмағамбетов мемориалдық тақтасына, С.Луганский бюстіне, Ә.Шәріпов ескерткішіне, «Отан ұлдарына мәңгілік естелік», «Белгісіз сарбаздың қабірі» және «Отан үшін шайқаста қаза тапқан батырларға мәңгілік даңқ» мемориалдарына гүл шоқтарын қою рәсімдері өтті.

Мектептер мен колледждерде әскери қызметшілер, ардагерлер, қатардағы азаматтардың қатысуымен «Ерлік сабақтары», сонымен бірге, балаларды әртүрлі әскер түрлерімен таныстыру бойынша сабақтар және т.б. өтті.

Соғыс жылдарында майданға 1,3 млн қазақстандық шақырылды. 100 мыңнан астам қазақстандық жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталды, 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Қазір Алматыда Ұлы Отан соғысының 43 ардагері тұрады.

БІЗ БІРГЕМІЗ!

«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ОНКҮНДІГІ»

Алматылық оқушылар су тасқынынан зардап шеккен аймаққа көмек ретінде 9 000 000 теңге аударды

Еліміздің батысында орын алған жағдайға мектеп оқушылары да бей-жай қарамай, қолұшын беріп жатыр. Қандай қиындық болсын, оны бірге бөліссе, жеңілдері анық. Қаламыздағы Шоқан атындағы №1 мектептің оқушылары да қайырымдылық онкүндігін өткізіп, түскен барлық қаражатты су тасқынынан қиындық көрген өңірлерге аударды.

Рая
ЕСКЕНДІР

ро-заманауи музыккіл де ерекше сүйіспеншілікке ие болды. Белгілі ақын Асқар Дүйсенбі музыккілға арнайы мәтін жазды. Жалпы, музыккілдың қысқаша мазмұны былайша өрбиді. Алматыдан шыққан арнайы пойыз Қазақстанның әр аймағын аралап, бекеттерге ат басын тірейді. Алдымен, 4 «в» сынып оқушылары Алматыдан «Гүл Алматы» әнімен аттанып, әр бекеттегі атақты тұлғаларға тағзым етеді. Әлгі аймақтың тарихы, жер астынан шығатын қазба-байлықтары туралы тың деректермен бөлісіп, терең түсінік береді. Оқушылар «Өмір бекеті», «Ән бекеті», «Күй бекетіне» тоқтап, ретро, қазіргі заманауи ән-билерімен көрерменін тәнті етіп отырды. Онкүндікте оқушылар түрлі шебер-сыныптарға да қатысты. Бір апта бойы мұғалімдер мен оқушылардан құрылған топ ойын алаңына жиналып, асық ату, бестас сынды ұлттық ойындардың ережесімен таныстырып, ықылас танытқандарға да үйретумен болды. Бір қуанарлығы, оқушылар ұлттық ойынға ерекше қызығушылық танытып, құлшына ойнауға кірісті.



Қазір робототехниканың дамыған заманы. Аталмыш салаға деген қызығушылық та, сұраныс та жоғары. Сондықтан болар, робототехника саласы бойынша өткен шебер-сыныпқа ұл балалар әкелерімен бірге белсене қатысты. Мұнда робототехника және интернеттік нысандардың әлемімен танысып, микроконтроллерімен «Ақпаратты үй» жобасын жасады. Онкүндік барысында әрбір сыныптың футбол командалары кездесу ойындарын өткізді.

Жалпы, шебер-сыныптарға қатысуға тілек білдірушілер өте көп болды. Оқушы-қыздар аналарымен бірге киіз басты. Футболка мен шоперге майлы бояу мен қылқаламды пайдалана отырып, ұлттық нақыштағы түрлі бейнелерді, таңбалы тастағы ерекше белгілерді безбендеді. «Пантера спасает мир» кітабының авторы қайырымдылық шарасына 200 кітабын ұсынды. Бұл кітапты жәрмеңкеде оқушылар сатып алды.

Онкүндіктің соңғы күнінде 1–11-сыныптар арасында «Қайырымдылық жәрмеңкесі» өткізілді. Жәрмеңкеде оқушылардың өз қолдарымен жасаған бұйымдары сатылымға түсті. Қолөнер бұйымдары, қолдан пісірілген аспаздық өнімдер мен сусындар ұсынылды. Мектеп оқушыларынан құрылған Парламент ұйымы сатылымға түскен өнімдердің сапасына баса көңіл бөлді. Осы тұста ерекше тоқтала кетерлігі – Шоқан атындағы №1 жекеменшік мектепте өткізілген шебер-сыныптардың жоғары деңгейде өтуі үйірме жұмыстарының жүйелі жұмысының нәтижесі. Осылайша су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға 9 000 000 теңге қаржылай көмек аударылды. Онкүндік барысында еліміздегі төтенше жағдайға қолұшын беруге асыққан оқушылар мен ата-ана және мектеп ұжымының үштік одағы жоғары белсенділікпен атсалысты. Осынау сын сағатта ел өміріне белсене араласып, қолұшын берген мектеп ұжымының жүйелі жұмысы баршамызға үлгі болса керек.



АНАЛАР КҮНІ

«БАҚЫТТЫ АНА – БАҚЫТТЫ БАЛА»

Еліміздегі мереке күндерінің тізбесі «Аналар күнімен» толықты. Ол мамырдың екінші жексенбісінде атап өтіледі. Иә, кешегі демалыста осы күнді тұңғыш рет атап өттік.

«Сөз жоқ, еліміздегі ананың рөлі отбасылар мен қоғамда ерекше орын алады, балаларын тәрбиелеу мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев атап өткендей, «Біздің дана халқымыз әрқашан аналарды құрметтеп, қыздарын қамқорлықпен қорғаған. Бұл көзқарас ғасырлар бойы біздің қанымызда болды». Аналардың шексіз сүйіспеншілігі мен даналығы отбасы мен қоғамның негізін құрайды. Халық арасында «Бақытты ана – бақытты бала» деген ұғым қалыптасқан, шындығында ана қуанса, олардың балалары да, олармен бірге біздің қоғам да өркендейді. Бұл күн біздің қымбатты аналарымызға алғыс, құрмет пен сүйіспеншілік білдіруге тамаша мүмкіндік», – деп жазды ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өзінің Facebook парақшасында. Сондай-ақ, ол барлық оқырманын аналарға алғыс айтуға шақырды.

ПЕРЗЕНТ ҮНІ

«Бербанг» Қазақстан күрдтері ассоциациясы Басқарма кеңесінің төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық қорының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, кәсіпкер-меценат МИРЗОЕВ Рафик Якубович те отандастарын Аналар күнімен құттықтады.

Ең сезімтал, ең мейірімді – ана жүрегі



Кеше елімізде Аналар күні аталып өтті. Адамзат өміріндегі ең аяулы жанға осындай даталы күннің арналғанын өте құптаймын. Әйел-ана – жарық дүниенің, барлық қуаныш, жақсылықтың бастауы. Ол, тіпті, қаншама шақырымдар алыста тұрса да, алыста жүрген баласының ауырып қалғанын сезетін жан. Себебі, ана жүрегі жаһандағы ең сезімтал, ең мейірімді жүрек дер едім.

Өкінішке қарай, мен анамнан тым ерте, тоғыз жасында айырылғанмын. Шешем көз жұмғанда небәрі жиырма жеті жаста болыпты. Жайлауда, тау етегінен қызғалдақтар теріп әкеліп сыйлағаным еміс-еміс есімде қалыпты. Кейін мұсылмандық дәстүрмен туған сіділісін менің әкеме қосқан. Шынымды айтсам, туған анамның жоқтығын еш сезбей өстім. Екінші анам да барлық мейірім-шапағатын аяған жоқ, жағамызды кірлетпеді, көңілімізге көлеңке түсірмей өсірді, жеткізді. Іні, қарындас сыйлады.

Мен қазір осынау өмірімді анасыз еш елестете алмас едім. Біздің әулеттегі қалыптастан отбасылық дәстүр – кім қайда жүрмейік, анамыздың туған күнінде міндетті түрде қанат байлап ұшып келіп, бәріміз жинала қаламыз. Біздің ауызбіршілігімізді көру – ол кісі үшін үлкен мерей. Ол кісі де кейін әкемнен жас қалды. Жастығын, ұйқысыз түндерін, жылы-жұмсағын тек бізге арнады. Әлі күнге солай. Сондай ананы құрметтей алмау – балаға сын!

Біздің барлық тойымыздың төрінде анам отырады. Анам барда төрт құбылам тең екенін сезінудің өзі бір ғанибет қой. Немерелері жан-жағында шұқырап, мәре-сәре болып жатқанда, кейде толқып кететінімді жасырмаймын.

Анасын қадірлей алған адамның алдынан барлық есік ашылады деп білемін өз басым. Әкем мен анам үйленген жылы, 8 наурызда біраз уақыт жинап жүрген ақшама дүкеннен әтір сатып алып, анама сыйлағаным бар. 3-сыныпта оқитынмын. Бала да болсам солай қуантқым келген болар, бізге деген мейіріміне кішкентай сыйлығым арқылы алғыс айтқым келген шығар, бәлкім. Әлі күнге сыйлығымды үзген емеспін. Қызметіме байланысты іссапарларға жиі шығып кетемін. Сонда бірінші кезекте анама сыйлық сатып аламын. Біз қазір бөлек тұрамыз. Сыйлығымызды алып, үлкен шаңыраққа кіріп шығу, амандасу, жағдайын сұрау – оның өзі ананың өмірін ұзартады, жанына тыныштық береді.

Рас, есейіп келе жатқандығымыздың белгісі ме, кейде туған шешеммен ойша сырласатын сәттерім болады. Көз алдыма қалып қойған аяулы бейнесі жүрегімді қозғап та жібереді кейде.

Мен барлық ананы қуантқым келіп тұрады. Біз көмекке мұқтаж көпбалалы аналарға, жалғызділікті жандарға үнемі көмек қолын созып жүреміз. Аналар мұңаймасын, ауырмасын дегім келеді.



(Сурет: ашық дереккөзден).

САҒЫНЫШ

Алматы қаласы «Шаңырақ» ықшамауданы «Шаттық» балабақшасының тәрбиешісі Римма Аралбайқызы да ана туралы ойымен бөліседі.

Орны бөлек

Жанымызда жүрген жақын адамдардың тірі күнінде кейде қадірін білмей жатамыз. Еркеш деген әншінің бір сұхбатының есіме оралып отырғаны. Ол анасы ес білмейтін шағында қайтыс болып, әжесінің бауырында өскен жігіт екен. Кейін мектеп бітіріп, оқуға түседі. Жатақханада ұйықтап жатқанда, бөлмелес бозбаланың телефоны үздіксіз шырылдап қоймайды. Бірақ курстасы ұйықтай береді. Еркеш мойнын созып қараса, телефонның бетінен «Мама» деген жазуды көреді. Сонда жүрегінің ауырғанын айтады әнші.

Менің анам қырық жасында дүние салды. Жас кетті. Төрт бала қалдық,

үйдің үлкені мен, кішіміз небары бір жарым жаста болатын.

Шешем қатты ауырып жүрсе де, бізге білдіртпей тік қалпында жүре беріпті. Бәлкім, жұмысбасты әкемнің қызметіне сызат, ал біздің қабағымызға көлеңке түсіргісі келмегені болар, әйтеуір ортамыздан мәңгіге кетіп қалады деп өз басым мүлдем ойламаппын. Тіпті «ыдыс-аяқты жуып тастарсың» немесе «сіндіңді суға түсіру керек еді» дегенде, «мама, өзің істей салшы, мен



сабағыма дайындалуым керек» деп бұртиған сәттерімді қазір ойласам, өзегімді өкініш тырналайды. Сол сәттер қайта келсе ғой деймін.

Бізді жетпіске келген әжем бақты. Жеткізді. Аузымызға бар тәттісін салды. Шәй үстінде әжем бірде бізге көзі жасаурап отырып: «Уақыт – емші, сендер де жетіліп, адам қатарына қосыларсыңдар. Мен тірі тұрғанда ешкімнен жамандық көрмейсіңдер. Дегенмен, бұл дүниеде туған шешенің «Айналайын!» дегеніне не тең келер?!» дегені есімде қалыпты. Сол сөздің астарын енді түсініп жүрмін. Өзім де анамын, төрт балам бар. Бар жақсыны сол балапандарыма беруге тырысамын. Жаныма жалау болып жүрген жан жарым бар. Бірақ кейде жабырқап қалатын сәттерімнің болатынын жасырмаймын. Себебі, өз анаңның тірі жүргенін, қызық-қуанышыңа ортақтасып отырғанын қалайды екенсің. Бір күлімдеп қараған сәтін аңсайсың. Үйді жылылыққа толтырып тұратын аналардың қадірін білейік дегім келеді.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Баланың әкесіне қарағанда анасына көбірек жақын болатыны заңдылық. Себебі, ол ана құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн жатып, бірге дамыды. Жарық дүниеге келуге анасымен бірге дайындалды. Ол үшін өмірдегі ең аяулы жан – ана!

ЖҮРЕК

Емханада.
– Анашым, қазір сіз де кіріңізші уколға менімен бірге, – деді ұлым Олжас.

– Ұят қой, балам. Дәу жігітсің, кезекте тұрған басқа балалар да, мамалар да күлмесін саған деп жүрмін ғой.
– Укол деген жама-а-н ащы ғой. Ал сіз қасыма тұрсаңыз, дым ауырмас еді...

Ананың сүйген жері отқа күймейді, оқ та тимейді!

ЖЫЛЫЛЫҚ

– Түу, неге келе бересіңдер мұнда?! Мен мақала жазып отырмын ғой, көңілім қайта-қайта бөлініп кетіп жатыр. Бөлме көп қой осы үйде, сол жақта ойнандар. Не бар мұнда сендерге?!

– Ол бөлмелерде қызық емес, мұнда сіз бар, – деген Олжастың жауабы жүрегімді елжіретіп жіберді.

ТҮН

– Олжас, сен түнімен көрпеңді қайта-қайта ашып тастай бердің. Ылғи солайсың. Әне, енді мұрның пышылдап, ауырайын деп отырсың. Ал Шұғыла ше, бар-жоғы екі-ақ рет ашып тастады көрпесін, сен сияқты емес, тыныш ұйықтайды, – дедім.

Аналар ұйықтамайды



– Анашым, сонда сіз не, мүлдем ұйықтамайсыз ба, түнімен Олжас екеумізге қара-а-ап отырарсыз ба? – дегені Шұғыланың.

Иә, аналар ұйықтамайды.

АЙНАЛАЙЫН!

– Анашым, бүгін сабақта апай бізден «Сендерді мамаларың қалай деп еркелетеді?» деп сұрады, – деді Шұғыла.

– Иә, кімді қалай еркелетеді екен?
– Көбісін аналары «жаным» деп еркелетеді екен. Ал Әдіханды «Әден» деп еркелетеді екен, біз оған бәріміз күліп жібердік.

– Оның несі күлкілі?! Ұят емес пе күлгендерің. Анасына солай айтқан ұнайтын шығар. Сонымен, ең ерекше еркелететін сөз қандай болды?

– Іңкәрөк. Іңкәрді осылай еркелетеді екен.

– Ал өзің апайыңа қалай жауап бердің?

– Мені анам «айналайын» дейді дедім.

– Айна-а-лайын!

АЛАҚАН

Ұлым даладан қара терге малшынып, шашының арасынан суы моншақтап кіріп келді. Футбол ойнапты. Су сұрады.

Аяғын, башпайларының арасына дейін салқын сумен жуып жатыр едім, «Ух, рақат-ай! Қолыңыз сондай жұмсақ!» – деді.

– Біздің маманың алақаны күшті-і ғой! – деп қостай кетті Шұғылам.

– Балам, менің ғана емес, барлық ананың алақаны жұмсақ болады, – дедім. Рас қой.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАП ЖАТЫР

Алматыда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында WorldSkills Almaty–2024 өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты өтті. Аталмыш WorldSkills чемпионаты жұмысшы мамандығының беделін арттырып, шеберлік дағдыларын дамытуды мақсат тұтқан өте ауқымды шара. Сондықтан бұл шараға қатысуға ниет білдіргендер қатары да жыл сайын көбейіп келеді.



Біздің еліміз WorldSkills International (WSI) халықаралық қозғалысына 2014 жылдан бастап толыққанды мүше болып қабылданды. Ал келесі 2015 жылы біздің елімізде ең алғаш рет чемпионат өткізіліп, қазір еліміз WorldSkills Europe (WSE) қозғалысының мүшесі ретінде WorldSkills Asia (WSA) ұйымына қосылды. Осылайша оның бағыттары «Future Skills», «Juniors», «Agroskills», «Abilympics», «Deafskills» болып кеңейе түсті.

WorldSkills өңірлік кәсіби чемпионаты «Флорист» құзыреттілігі бойынша, алты колледж студенттерінің арасында өтті.

Жалпы, Алматы мемлекеттік технология және флористика колледжі WorldSkills қозғалысы аясында Abilympics Almaty–2024, Deafskills Almaty–2024 атты мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кәсіби шеберлік чемпионатын жыл сайын өткізіп отырады. Сонымен қатар,

Алматы мемлекеттік технология және флористика колледжі Алматы қаласындағы кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының арасында ерекше білім алу қажеттіліктері бар жандарға білім беретін бірден-бір колледж. Біз колледж директоры Анарбек Нұрымбетовті әңгімеге тартып, осы бағыттағы білім беру мәселесінің дамуы тұрғысында сауал қойған едік.



– Біздің колледж Алматы қаласы бойынша 1998 жылы инклюзивті білім беруді бастаған еді. Содан бері «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер», «Бақ-саябақ шаруашылығы», «Жиһаз өндірісі», «Аяқкиім ісі» мамандықтары бойынша жұмысшы мамандарды дайындап жатырмыз. Дәл қазіргі біздің колледждің «Инклюзивті білім беру бөлімінде» 195 студент білім алып жатыр. Олардың 168-і арнайы топтардан, ал 27 студент инклюзивті топтан, қалған студенттердің тірек-қимыл аппаратының бұзылысы, есту қабілетінің бұзылысы, көру қабілетінің бұзылысы, жеңіл ақыл-ой кемістігі, психикалық дамуының тежелісі, Даун синдромы функционалдық бұзылыстары сынды диагноздары бар. Осы арада Инклюзивті білім беру бөлімінде еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегі айрықша екенін баса айтқым келеді. Олар студенттердің сапалы білім алуына, таңдаған мамандықтарды игерудегі барлық кедергілерді жойып, қоғамдық ортаға әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етіп отыр. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлау, студенттердің құзыреттілігін арттыру мақсатында колледж педагогтары қалалық Білім басқармасының қолдауымен Германия, Қытай, Италия, Голландия мемлекеттерінің оқу орындарында болып, халықаралық тағылымдамадан өтті. Осылайша кәсіби біліктіліктерін арттырып отырады.

Біздің колледжде инклюзивті білім беруге толық жағдай жасалғандықтан, аталмыш чемпионатты, басқа да жарыстарды өткізуге толық мүмкіндігіміз бар. Бұған дәлел – Алматы қаласының әкімдігі мен қалалық Білім басқармасының инвестор тартуының нәтижесінде «Алтын сапа ALM» ЖШС ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арнап заманауи үлгідегі оқу ғимаратын салып берді. Оқу ғимаратының ең соңғы үлгідегі техникалармен жабдықталған 6 оқу аудиториясы, 6 өндірістік оқыту шеберханасы, LED экранмен жабдықталған акт залы, бейімді дене тәрбиесі пәніне арналған тренажер залы мен спорт залы бар. Студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау үшін арнайы релаксация кабинеті де қарастырылған. Оқу ғимаратына кіріп-шығу пандустары, шақыру нүктелері, лифт-көтерілгіш, тактильді мнемосхемалар мен жолақтар, Брайль шрифтімен тактайшалар арқылы кедергісіз жүріп-тұруға толық жағдай жасалған, – дейді Анарбек Қалдарұлы.

Әрине, еліміздің экономикасы жақсарған сайын білім берудің де сапасы жақсарып келеді. Бұған қоса, инклюзивті білімнің де көкжиегі кеңейіп келеді.

ТӘРБИЕЛІК САФАТ



ЕРЛІК САБАҒЫНА АЙНАЛДЫ

Бүгінгі таңдағы білім жүйесі тек білім берумен ғана емес, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеп, өз елінің тарихы мен ата-бабаларының ерлігін құрметтеу міндетін де қоса атқарып отыр. Дәл қазір қала мектептерінде «Бірыңғай ұлттық тәрбие» бағдарламасы аясында түрлі тәрбиелік мәні бар танымдық кештер, кездесулер мен саяхаттар жүзеге асып жатқаны да осы сөзіміздің дәлелі.

Қаламыздағы байырғы оқу ошақтарының бірі – Мәншүк Мәметова атындағы №28 мектеп-лицей ұжымы тұрақты түрде оқушыларды жауынгерлік «Даңқ мұражайына» апарып, ерлік сабағын өткізіп отырады. Батыр атындағы мектеп оқушыларының ҰОС батырларына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, тағзым етуі үрдіске айналған. Жеңіс күні қарсаңында 1 «б», 3 «г» сынып оқушылары Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Бегуновтың үйіне барды. Ардагер қария соғыс туралы, майдандас жолдастары туралы әңгімелеп, өткенді еске алды.

Иван Бегуновтың айтуынша, өзі Украинаның Житомир қаласында дүниеге келген. Бірақ әскери борышын Ақтөбе облысында өтеп жүрген кезінде тұтқиылдан соғыс басталып, соғысқа аттанды. Украина майданында

228 гвардиялық атқыштар полкінің құрамында пулеметші болып, Еуропаны азат етеді. Ширесберг қаласын басып алу және Ширес өзені маңындағы шайқас кезінде жаяу әскердің алға жылжуы үшін пулеметпен жауып, қызыл әскерді шығынсыз алып шығады. Қарт жауынгер осы ерлігі үшін марапатталғанын айтып, ескі құжаттарды көрсетті. Батылдығы үшін Иван Бегунов «Қызыл Ту» орденімен, жауынгерлік наградалармен марапатталып, «Ерлігі үшін» медалінің иегері атанады. Бүгінде Иван Матвеевич отбасының ортасында тұрып жатыр. Ұл-қызы, немерелері мен 10 шөбересі бар.

Оқушылар үшін бұл тарихи сабақ болды. Олар ардагердің әңгімелерін қызығушылықпен тыңдап, сұрақтар қойып, оның батылдығы мен табандылығына таңқалды. Сонымен қатар, бастауыштықтар аталарына шағын қойылым, вальс, ән мен жыр дайындап келді. Экскурсиядан кейін балалар ардагерге өз қолдарымен жасалған сыйлықтарын табыс етті. Иван Бегунов оқушыларға, сынып жетекшісі А.Көшербаеваға алғысын білдіріп, бейбітшілік пен ұлтаралық келісімнің маңыздылығы туралы өз ойларымен бөлісті.

– Бұл кездесу бағдарламаның бір бөлігі ғана емес, бала тәрбиесіндегі маңызды сәт болды. ҰОС ардагерінің үйіне бару оларға бейбітшілік пен бостандықтың мағынасын түсінуге, батырларды құрметтеуге және өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға көмектесіп отыр, – дейді мектеп-лицей директоры Айсұлу Темірғалиқызы.

ЭКОНАУҚАН

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Түркісіб ауданындағы №195 жалпы білім беретін мектеп оқушылары «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты науқан аясында атқарылған жұмыстарын қорытындылады. Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының бастау бұлағы іспетті. Бізді қоршаған ортаның дамуы да табиғатпен тікелей байланысты. Сондықтан қала көлемінде өткен науқан оқушыларды экологиялық тәрбиеге баулып, қоршаған ортаны аялауға үйретті.

Аталмыш мектепте «Алматы – біздің қала» барысында барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Бұл күні оқушыларды елі мен жерін сүйетін ел азаматы болуға шақырды. Сондай-ақ, «Қоқысыңызды сұрыптаңыз!» атты акция өткізіліп, онда табиғат-ана тікелей адамның іс-әрекеті арқылы ластанып жатқаны баяндалды.

– Біздің мектептің оқушылары «Еліміздің қоқысын тазаламайынша, біз дамыған мемлекеттер қатарына қосыла алмаймыз» деген үндеуін жариялап отыр. Мәселен, 10 «а» сынып оқушылары өз жетекшілері Ф.Тілеміс пен А.Бауыржанның басшылығымен «Қоқысты сұрыптау» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сосын оқушылар «Тазалық – табалдырықтан басталады» деген айдармен «Таза бейсенбі» атты апта сайынғы сенбілік ұйымдастырды.

Оқушылар «Құстарға ұя жасайық!» акциясына үлкен қызығушылықпен атсалысты.

Бұған қоса, 8 «б» сынып оқушылары арасында «Экологиялық калейдоскоп» өткізіліп, экологиялық мәдениетті және балалардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру мақсатында «Жасыл команда» құрылып, 10-сынып оқушылары арасында эко-квест өткізілді. Эко-квестте алдымен оқушылар 2 топқа бөлінді. Квест кезеңдері 3 аялдамадан тұрды. 1-аялдамада оқушылар пазл құрастырып, экологиялық проблеманы анықтады. 2-аялдама кезеңінде оқушылар берілген лабиринттен шығу жолын іздестірді. Лабиринттен тиімді өткен команда келесі аялдама тапсырмасына өтті, соңғы аялдама кезеңінде топ басшылары конверт таңдап, берілген тақырып арқылы постер қорғады. Жеңіп шыққан топ мүшелері мақтау қағаздары арқылы марапатталды. Сүйікті қаламызды таза ұстау – әрқайсымыздың міндетіміз. Ауқымды жұмыстар әлі де жалғаса береді, – дейді мектеп басшысы Алма Иманова.

Мектепте науқан барысында «ЭКО-БОЛАШАҚ» бейнесюжеттер фестивалі ұйымдастырылып, оқушылар қоршаған орта, сонымен қатар мектеп ауласы мен кабинеттерді ластамау мақсатында бейнесюжеттер түсірді. Сонымен қатар, спорттық-экологиялық эстафета өткізіп, салауатты өмір салтын ұстауға шақырды. Еңбек пәнінің мұғалімі Гүлнар Медетова оқушыларымен бірге «ҚАЛДЫҚТАН ҒАЖАЙЫПТАР ЖАСА!» атты шеберлік сабағын өткізсе, мектеп түлектері «Түлектер аллеясына» өз ағаштарын отырғызды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ҚАМҚОРЛЫҚ

Дәрігерлер
қарттарға
барды

№10 қалалық емхана мамандары Алматы қаласы «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының басшылығымен бірлесіп, осы мекеменің аталған емханада тіркелген 306 тұрғының профилактикалық тексеруден өткізді.

«Шаңырақты» жалғыздікті қарттар, мүмкіндігі шектеулі жандар мекен етеді. Оларға кардиолог, офтальмолог, эндокринолог, маммолог, уролог, невропатолог, инфекционист, хирург және дерматолог дәрігерлер арнайы барып, денсаулығын тексеріп, керек кеңестер беріп, қажетті ем-дом тағайындады.

Орталық тұрғындары №10 қалалық емхана басшылығына, клиникалық диагностикалық көмек беру бөлімінің меңгерушісі Г.Бөгенбаеваға, сондай-ақ іс-шараға қатысқан барлық маман-дәрігердің жұмысына жоғары баға беріп, кәсіпқойлығы, әр пациентке қамқорлығы мен көңіл бөлгені үшін алғысын білдірді.

АРТ-ТЕРАПИЯ

«МЕНІҢ АВТОРЛЫҚ ОРАМАЛЫМ»

жобасы ерекше бала тәрбиелеп отырған аналарға қуаныш сыйлады

Аналар күніне орай Алматы қалалық Психикалық орталығы «SenQ» брендінің жетекшісі Жәмила Сейітжанмен және суретші Дария Қасымовпен бірлесіп, «Менің авторлық орамалым» атты ерекше шеберлік дәрісін ұйымдастырған болатын. Оған ерекше балалар тәрбиелеп отырған 15 алматылық әйел-ана қатысты.

Бұл жобаның мақсаты – ерекше балаларды бағып-қағып, перзентіне ғұмырын арнап жүрген аналарға қуаныш, жақсы күн сыйлау және психикалық ауруларға шалдыққан жандардың өзекті мәселесіне қоғам назарын аудару.

Жобаға қатысқан әйелдерге арт-терапиялық шеберлік дәрісінде қиялында, түйсігінде не тұр, соны ақ қағаз бетіне түрлі бояумен бейнелеуге мүмкіндік ұсынылды. Олар алдымен арт-терапияның әдіс-тәсілдерімен танысты. Бой, ой сергітетін жаттығулар жасағаннан кейін, қылқаламды қолға алып, түрлі тақырыпта суреттер сала бастады.

– Арт-терапияда қатып қалған ереже жоқ, адам нені бейнелегісі келсе, соны қағазға түсіре береді. Жобаға қатысқан аналар көк аспанды, онда қалықтаған құстарды, жарқыраған күнді, ашық түсті гүлдерді, ана мен баланы, биік-биік тауларды бейнеледі. Осылайша ерекше бала өсіріп отырған аналар бір сәтке болса да тіршілік тауқыметін ұмытып, қиялына, шабытына ерік беріп, шығармашылық әлемге саяхаттады. Мұндай арт-терапия ана мен баланы одан әрі жақындастыра түседі, олар сурет салу арқылы бірін-бірі жақсы түсінетін болады, – дейді суретші Дария Қасымова.

Бүгінде елімізде инклюзивті ортаны дамыту мәселесінің жан-жақты қолға алынып жатқаны қуантады. Ал бүгінгі арт-терапия біздің мегаполисте алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

«Менің авторлық орамалым» жобасының



ең бір әсерлі сәті сол, оның демеушісі – отандық бренд саналатын «SenQ» дизайн-нерлері аналар салған қағаздағы суреттерді

матаға көшіріп басты. Сөйтіп, әр авторға өзі салған сурет пен есімі жазылған орамал салтанатты түрде тарту етілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сапар РАХМЕНШЕЕВ,
Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығының директоры:

Әкелерді де қатыстырсак дейміз

Бүгінде Алматы қаласы бойынша 2500-ден астам бала диспансерлік есепте тұр. Олар ақыл-есінің кемістігі бар, аутизм, шизофрения, органикалық өзгерістер диагноздары бар жеткіншектер. Орталықтың басты міндеті – осы диспансерлік бақылауда тұрған балаларды қоғамға бейімдеу. Жуырда балаларға арналған театр сыныбын ашу ойымызда бар. Бұған дейін ересектерге арналған «Қысқы бақ» ашқан едік. Енді арнайы жер бөліп, кішкентай балаларға да арнап бақ ашамыз деп отырмыз. Балалар сол баққа өз қолымен түрлі ағаш пен гүл отырғызатын болады. Біз оларға ауру деп емес, қоғамның бір мүшесі деп қарауымыз керек. Ерекше күтімді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың да қамқорлықтан тыс қалмағаны дұрыс. Сол үшін де осы жобаны қолға алдық. Баламен жүріп өзін ұмытып кететін әйел-аналарға осылай қолдау көрсетуді дәстүрге айналдыруды көздеп отырмыз. Алдағы уақытта ерекше бала тәрбиелеп отырған әкелерді де қатыстырсак дейміз.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухана хирургтері Крона ауруы, жаралы колит, тоқ ішектің дивертикулярлы ауруы, тік ішек эндометриозы, ішектегі қатерлі ісік пен онкологиялық емес ісіктерді жоспарлы түрде лапароскопиялық тәсілмен емдеп келеді.

Емдеу мекемесінің директоры, тәжірибелі хирург Манас Рамазановтың айтуынша, аурухана хирургия саласындағы соны жетістіктерді, соның ішінде отаның жаңа әдіс-тәсілдерін қолданысқа үнемі енгізіп отырады.

«Операция әдісі науқастың денсаулық жағдайы мен қойылған диагнозға қарай белгіленеді. Ота залдарындағы жабдықтар операцияларға тыңғылықты дайындалып, жоспарлы ота жасауға, пациент өмірін сақтап қалуға, отадан кейінгі кезеңнің жеңіл өтуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің басты байлығымыз – өз ісін бес саусағындай білетін жоғары білікті мамандар. Біз заманауи қондырғылар мен кәсіби мамандардың арқасында күрделі операциялар жасап, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп отырмыз», – дейді Манас Рамазанов.

Бас дәрігер жуырда ауруханада болған клиникалық жағдайлардың бірін мысалға келтірді. Айтуынша, 78 жасағы пациент клиникалық ауруханаға жоспарлы ем алу үшін жатқызылған. Зейнеткер алдын ала амбулатория жағдайында тексеруден өткен. Дерт ошағынан алынған биопсия тоқ ішектің төменгі бөлігінде бүрлі ісік барын анықтап берді. Жетінші аурухана хирургтері ота жасап, ісікті алып тастау туралы шешім қабылдады.

«Тоқ ішектің сизматәрізді бөлігіндегі ісікті лапароскопиялық әдіспен алып тастау – салдары жеңіл отаның бірі. Манипуляциялар шағын ғана тілік арқылы жасалады. Операция барысында барлық онкологиялық принциптер сақталады. Сонымен қатар, әр науқастың денсаулық жағдайы міндетті түрде ескеріледі», – деді Манас Рамазанов.

Ота жасаушы хирург, Проктология бөлімшесі меңгерушісі Марат Каленбаевтың сөзіне сүйенсек, ішектегі ісіктерді емдеуде

ЛАПАРОСКОПИЯЛЫҚ ӘДІС

талай науқасқа өмір сыйлауда



қолданылатын лапароскопиялық әдістің ашық операцияларға қарағанда бірқатар артықшылығы бар. Біріншіден, кішігірім тілік арқылы жасалатындықтан тіндер көп зақымданбайды, ауырсыну синдромы мен ота кезінде қан жоғалту қаупі төмен. Нау-

қастың қалпына келу процесі де ұзаққа созылмайды, ота жасалғаннан кейін бірер күнде аяққа тұрып жүре бастайды. Өз кезінде, бұл тромб түзілу мен ішек қызметінің бұзылу қаупін төмендетеді. Сәтті ота МӘМС қаражаты есебінен жасалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат КАЛЕНБАЕВ, хирург:

Екінші күні-ақ аяққа тұрып кетті

Пациенттің азғасындағы ісік ішек шеңберінің жартысынан астамын алып жатты. Сондықтан оны эндоскопиялық жолмен алып тастау мүмкін емес еді. Біз сол жақ лапароскопиялық гемиколэктомия әдісін пайдаланған дұрыс деген шешімге келдік. Операция соңында видеоэндоскопиялық құрылғының көмегімен ішек бөліктерін бір-біріне жалғадық, нәтижесінде үлкен дәреттің ішек арқылы жүру қызметі қайта қалпына келді. Аппараттық анастомоз жалпы ота салдарынан болатын тігістің дұрыс бітпеуі сынды басқа да кері әсерлерді төмендетуге мүмкіндік береді. Пациент отадан кейін екінші күні аяққа тұрды.

МАМАН КЕҢЕСІ

ҚАТЕРЛІ ІСІК

неғұрлым ерте анықталса,
оны емдеу соғұрлым сәтті
болады

Жатыр мойны обыры – әйелдер арасында жиі кездесетін қатерлі ісік. Ол дер кезінде анықталса, бетін қайтарып, емдеуге болады. Бұл туралы №36 қалалық емхананың онколог-дәрігері Зарина Тойлыбаева айтты.

Маманның айтуынша, жатыр мойны обыры әдетте адам папиллома-вирусы (HPV) тудыратын ісік алды жасушалық өзгерістен басталады.

«Егер бұл өзгеріс дер кезінде анықталмаса және емделмесе, ол қатерлі ісікке айналуы мүмкін. Ісік алды өзгерісті ерте анықтау және уақытында емдеу ісік дамуының алдын алу кезінде шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. Ол ерте анықталған жағдайда, сол кеселге шалдыққан адам толық емделіп кетеді. Сондықтан жүйелі түрде скринингтік тексеруден өтіп, салауатты өмір салтын ұстану қажет, бұл аурудың алдын алуда және онымен күресуде басты рөл атқарады», – дейді онколог.

Сондай-ақ, маман осы бір қатерлі ісікке себепкер болатын бірнеше маңызды қауіпті факторды атап өтті.

«Адам папилломавирусы (HPV) – жатыр мойны обырының негізгі себебі. Жыныстық қатынасқа ерте түсу, созылмалы қабыну аурулары, жатыр мойны эрозиясы, түсік жасату, дұрыс тамақтанбау – осы фактордың бәрі HPV инфекциясының қаупін арттыруы мүмкін. Темекі шегу де жатыр мойны обырының даму қаупін тудырады», – дейді Зарина Тойлыбаева.

Онкологтың айтуынша, жатыр мойны обырын емдеу аурудың сатысына байланысты. Ол ісікті хирургиялық алып тастау, сәулелік терапия, химиотерапияны немесе олардың комбинациясын қамтуы мүмкін. Қатерлі ісік неғұрлым ерте анықталса, оны емдеу соғұрлым сәтті болады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Жеңіс күні мерекесінен кейін келіп жеткен «Аналар күні-мен» Батыр апамыздың туған күні қарайлас. Ертең, 15 мамыр – Батыр апамыздың туған күні. Қазақтың қаһарман қызы Х.Доспанова 2008 жылы 87-ге қарған шағында өмірден өтті. Көк жүзінде ойқақтаған жаужүрек апамыздың туғанына биыл – 102 жыл. 16 мамыр – Әкелер күні. Хиуаз апамыздың өмірлік жары, қоғам қайраткері Шәку көкеміз осыдан бірер жыл бұрын ғасырға жуық өмір сүріп, бакилыққа аттанды. Олардың ұлы Ерболат та бүгінде 70-тен асты, физика-математика ғылымдарының кандидаты, университетте сабақ береді. «Қанатты қыздың» немересі Қанат еліміздің жарқын болашағына қызмет етуде.

Хиуаз апамыздың ерлігін екінші бірі біле бермеуі мүмкін. Оған себеп, ұшқыш қыздың уақытында Кеңес Одағының Батыры атағына қол жеткізе алмауы. Еліміз Тәуелсіздік алған соң ғана Хиуаз апамыздың Екінші дүние-жүзілік соғыстағы, одан соң бейбіт өмірдегі ерен еңбегі ескеріліп, мемлекетіміз Хиуаз апамызға 2004 жылы «Халық қаһарманы» атағын берді. Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылдың 15 мамырында Атырау облысы Ганюшкин ауылындағы қарапайым балықшының шаңырағында дүниеге келді. Оқушы кезінен комсомол ұйымындағы қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқан Хиуаз апамыз мектеп бітірер кезде Орал қаласындағы ұшқыштар дайылайтын арнайы курста оқыды. Мектептен кейін №1 Мәскеу медицина институтына түсіп, 1-курсін аяқтар тұста соғыс басталып кетті. Саратовта қысқа мерзімді ұшқыштар курсынан өткен Х.Доспанова Кеңес Одағының Батыры Марина Раскова қолбасшылық еткен қызы-келіншектерден құралған түнгі авиациялық полкке алынды. Хиуаз – Қызыл Ту орденді Таман гвардиялық III дәрежелі Суворов орденді түнгі бомбалаушы әуе полкіндегі жалғыз қазақ қызы. Хиуаздың жасы ол кезде 9-да болатын. Жартылай фанера «ПО-2» ұшағын тізгіндеген бомбалаушы ұшқыш-тардың негізгі міндеті – түн ішінде жаудың соғыс техникасы мен қару-жарақ, оқ-дәрі сақталған қоймаларын бомбалау.

«ПО-2» екі адамдық шағын ұшақ. Алдыңғы Кабинканың алдыңғы жағына ұшқыш, артына штурман жайғасады. Экипаждың негізгі міндеті былай: ұшқыш әуе кемесін басқарады. Ұшу кезінде желдің

«ӘУЕ ХАНШАЙЫМЫ»

Халық қаһарманы Хиуаз Доспанова жайлы сыр

Қазағым қызды айрықша құрметтеген. Бүгінгі тұлымшағы желбіреген қыздың болашақта ақ жаулықты ана екенін есінен шығармаған. «Қызға – қырық үйден тыйым» деген мәтелдің де жөні бар. Десек те, қыз баланы құрметтеген халқым оның барынша ибалы да ізетті, еркін ойлы болғанын қалаған.

Намыстан жаралған өжет қазақтың қыздары қай кезде де батылдық пен батырлық көрсетті. Ел мен жерді қорғауда да ерлермен қатар майдан кешті. Солардың бірі де бірегейі 1941–1945 жылдардағы соғыста ерен ерлік үлгісін қазақтан шыққан ұшқыш қыз – Халық қаһарманы Хиуаз Доспанова. Майдангер. Қоғам қайраткері. Ана.

жылдамдығы, бағыты мен ұшу биіктігі ерекше ескеріледі. Штурман компас бағдарымен нысанаға дейінгі жерді белгілеп, ұшақтағы арнайы құралдар арқылы бомбаны нысанаға тастайды. Күтпеген жерден жау нысанын бомбалайтын ұшқыш қыздарды немістер «түнгі мыстандар» деп атаған. Түн қараңғысында маңызды нысандарына қырғидай тиетін М.Раскова полкі қыздарының ұшағын құлатып түсірген жауынгеріне Гитлердің өзі крест орденін тағып, аз уақытқа үйіне демалысқа жіберуге уәде еткен деседі.

Апамыздың баласы Ерболат Шәкуұлы Википедиялық энциклопедияда апамызды Екатерина Доспанова деп жазылып кеткенін айтады. Мұның бір сыры 46-гвардиялық полктің штурманы атанған Хиуаз Доспанова өз құрбылары арасында «Катя» аталып кеткендігінде болар. Бір күнде қатарынан 7-8 рет көкке көтерілетін қазақтың Катясы тапсырма орындау кезінде бірнеше рет өлімнен қалған. Осындай аса қатерлі жағдайдың бірі 1943 жылы болған.

Жауынгер қыздар жауға белгі бермес үшін тіпті сол жылдары ұшақтың жарығын да өшіріп ұшқан. Жау нысанын күл-талқан қылып, тапсырманы сәтімен орындап қайтып келе жатқан Хиуаз Доспанова мен Юлия Пашкова экипажы қону барысында

апатқа ұшырайды. Жарық өшірулі болғандықтан, тұраққа екі ұшақ бірдей қонып, Юлия Пашкованың басқаруындағы ұшақ әуеден құлап түседі. Ұшқыш қаза болып, штурман Хиуаз ауыр жарақаттанады.

Бірнеше ай аяқ-қолы гипстеліп госпитальда жатқан Хиуаздың жағдайы қалыпқа келе бастағанмен, аяғы толық икемге келе қоймаған. Штурман қызметіне кіріскен апамыз жаумен айкасты бастады. Ауыр жарақаттанған аяғы белсенді қозғалуға жарамағандықтан, тапсырманы орындап келгеннен кейін де ұшақтан түспей, кабинкада тынығып, келесі әуеге сол отырған қалпы қайта көтерілетін болған.

Соғыс кезеңінде 300-ден астам рет көкке көтеріліп, жаудың маңызды нысандарын талқандаған Х.Доспанова соғыстан соң елге оралды. Жауынгер құрбыларының барлығы дерлік Кеңес Одағының Батыры атанды. Қазақтың жалғыз қызына бұл марапат бұйырмады. Майдангер-жазушы, Әзілхан Нұршайықов Хиуазға қатысты өзекті мәселе-ні сауатты көтере білді.

«Ұлы Отан соғысында Талғат Бигелдинов жау тылына – 305, Леонид Беда – 211, Иван Павлов – 200-ден астам, Сергей Луганский 390 рет ұшып, жауынгерлік тапсырманы орындап, үшеуі де екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олар қуаты күшті



ұшақтарды басқарды. Жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағының жау ұшағымен шайқасар қуаты жоқ...» деп жаза келе, Хиуаз Доспанова жартылай фанера ұшақпен 300-ден астам әуеге көтеріліп, жауға ойсырата соққы бергенін жазды. Қанатты қыздың ерлігі соғыс жылдарында бағаланбаса да, бейбіт өмірде бағалануы тиіс», – деп өз ойын ашық жазды.

Соғыстан II топ мүгедегі боп оралған Хиуаз елге келгеннен кейін мемлекеттік маңызды қызмет атқарды. Қазақстан Комсомолының орталық комитетін басқарып, Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарды. Осы кезеңдерде Хиуаз апамыздың түрткі болуымен «Медеу» мұз айдыны бой көтеріп, «Горный гигант» алма бағы, «Ғалымдар үйі», т.б. ғимараттар тұрғызылды. «Абай», «Шоқан» драмалары сахналанды. 37 жасында ғұмырлық зейнет-керлікке шыққан қазақтың батыр қызы 1960 жылы «Под командованием Расковой», 1963 жылы «Халқым үшін» атты соғыс естелігін жазды.

Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Германияны жаудан азат еткен Х.Доспанова «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және ерлігі үшін көптеген медальмен марапатталды. Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болған Сағадат Нұрмағамбетовтың бір сөзінде айтқаны бар. Ол соғыс кезінде Хиуаз Доспанованы Кубань жерінде кездестіріпті.

«Әуе ханшайымы» атанған қазақтың Батыр қызы әуеге тағы көтерілді. Бұл жолы ақтық сапар. 2008 жылғы 20 мамыр болатын. Осы жолдардың авторының Әлия, Мәншүк, Хиуаз атты қыздары бар. Батыр апамыздың соңғы сапарынан соң, 2009 жылы дүниеге Хиуаз деген қыз келді. Қазақтың батыр қызының құрметіне есімін қойдық.

КИМЕШЕК ЖӘНЕ ШЫЛАУЫШ

қазақ әйелдерінің бойындағы ибасы мен иманын, әдемілігі мен әдебин, тағылымды тәрбиесін көрсетеді

Кимешек – қазақ аналары мен келіндерінің атам заманнан келе жатқан дәстүрлі баскиімі. Ол – тұтас қазақ әйелдерінің бойындағы ибасы мен иманын, ары мен ақылын, сымбаты мен қымбатын, сәулеті мен дәулетін, дәрулігі мен дәрежесін, отбасында қалыптастырған ұлттық үлгісі мен өнегелі дүниетанымын, болмыс-бітімін, әдемілігі мен әдебин, ата-анадан алған тартымды тағылымды тәрбиесін, қоныстанған мекені мен шыққан ру-тайпасын, өнері мен мәдениетін анық көрсететін бөгенайы бөлек, қасиеті ерек киелі тарихи баскиім болып саналады.

Кимешек тігілу пішініне қарай екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі – бастан бастап иекке дейін айналдыра киетін түрін – «Кимешек» дейді. Оған қанық сары және ақшыл сары моншақтармен көмкеріліп, әдемі гүл тәріздес өрнектер салады. Кеудеге түсіп тұратын тұсына әр жерден ақ, жылтыр моншақтар тігіп қояды. Төменгі етегі ішке қарай қайырылған. Екінші бөлігі – түндік. Ақ матаның ішіне қатты қағаз (картон) салып, айналдыра дөңгелете тігеді. Үстінен жартылай қосымша сары түсті мата жүргізіледі. Оған жасыл түсті өрнектер араласқан. Жоғарғы жағынан етегіне дейін әр жеріне сары жылтыр моншақтар тігілген. Ақ матадан тігіліп, жиегі астарланады. Кимешектің иекті айнала орап, маңдайды жауып тұратын екі жағын «Шықыт» не «Жақтау» деп атайды.

Кимешек әйелдердің жас ерекшелігіне қарай көркемделеді. Жасы егде әйелдердің кимешегінің ою-кестесі жеңіл, сары, ақ жіппен сырылады. Жас әйелдердің кимешегі қызыл, жасыл түспен әшекейленеді. Кимешектің алдыңғы жағын «ожақ» деп атайды. Оны қолмен кестелейді. Кимешектің «Шылауыш» деп аталатын түрін жас келіншектер, орта жастағы әйелдер киеді. Кимешекті басқа сәйкестіре пішіп, тігеді. Кимешектің белден төмен түсіп, шашты жауып тұратын ұзын ұшы «құйрықша» не «етекше» деп аталады. Кимешек әйелдің кеудесін, иығын, жонын жабатындай түйық етіп жасалады. Тек адамның бет-әлпеті ашық тұратын жері ойық болады. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп әшекейленеді. Алтын зер жіптермен бастырылып,



сырыла тігіледі. Ал ойықтың жиегін бояулы жіппен шалып тігеді. Мұны «Алқым шалу» не «Жақтау» дейді. Кимешектің кеудеге бөлігінің ұшына күміс теңгелер тағылады. Бұл кимешекке сән береді, әрі төмен қарай басып, жазылып тұруға әсер етеді. Кимешек әйелдердің шашын шаң-тозаңнан сақтап, қобырап-дудырап тұрмауына септігін тигізеді. Кимешек кестесіне қарай қызыл жақты, сары жақты, ақ жақты кимешек болып бөлінеді. Ақ жақты кимешекті қарт әжелер, қызыл жақты кимешекті келіншектер, сары жақты кимешекті орта жастағылар киеді. Кимешекті кимешек жасайтын тігіншілер күміспен, моншақтармен әспеттейді.

Ертедегі тайпа мен рудың кимешектерінің пішінінде, түрінде және сырт көрінісінде өзіне тән ерекшеліктері болған. Дәстүрлі қазақ қоғамында жаңа түскен жас келінге алғаш кимешек кигізуге байланысты ғұрыптық рәсім өткізілетін жосынды, кәделі,

Ақ шылауышы ананың – Ақ көрпесі баланың.
(Халық мақалы).

ырымды, жол-жоралғылы салттар болған. Жаңа түскен жас келінге алғаш кимешек кигізу жолын қонақасын берумен бірге өткізетін болған. Кимешек кигізу салтын келіннің енесі ұйымдастырып, бір ақсарбас қойын арнап, ақ дастарханын жайып, ауылдың қарт әжелерін арнайы қонаққа шақырады. Келгендердің бірі жас келінге кимешек кигізіп, ақ батасын береді. Кимешек кигізген әжеге сый-сыяпат жасап, риза етіп қайтарады. Бұны қазақ дәстүрінде «Кимешек кигізу» деп атайды.

Кимешек атаулары

Қазақ әйелдерінің кимешегі ұзын, маңдай тұсы сары түсті. Ұшбұрыш бейнесіндегі ою салынған кимешектің он алты түрі бар екені анықталған. Оның он екі түрі көрмеге қойылған деген дерек бар. Бет жағы шаршы келіп, төменгі ұзын ұшы омырауға түсіп, төбесі жинақтала келе түйілетін бүрмелі кимешекті «Бүрмелі кимешек» деп атаған. Кимешектің бас жағын басқа орайтын етіп, аяқ жағын иық, кеудені жауып тұратындай жасаған кимешек түрін «Орама кимешек» дейді. Бұл кимешектің ең көне, кең тараған түріне жатады.

Кимешек үстінен басқа орап байланатын үлкен ақ шаршы матаны «Шылауыш» деп атайды. Кимешектің жиектеріне шашақ салып жасаған түрін «Шашақты кимешек» дейді. Кимешектің басқа орайтын шылауыш бөлімін бөрікке ұқсатып байлайтын түрін «Бөрікті кимешек» деп атайды. Кимешектің шылауыш бөліміне әр аулан бағалы моншақ салып тіккен түрін «Моншақты кимешек» деп атаған. Кимешектің екі жақтауын әдемі зер жіптермен кесте салып тігіп, оның үстіне сән әрі көз-тіл тимес үшін ұсақ қоныраушалар байлап қояды. Оны «Қонырау жақ кимешек» дейді. Кимешектің жақтауына қызыл құрғақ матамен жиектеп, сәндеп тіккен түрін «Қызыл жақты кимешек» деп атайды. Кимешектің жақтауына сары матамен жиектеп сәндеп тіккен түрін «Сары жақтаулы кимешек» дейді. Кимешектің жақтауын ақ матамен жақтап тіккен түрін «Ақ жақтаулы кимешек» дейді. Кимешектің кеудеге бөлігінің жиегіне күміс теңгелер тағып жасаған түрін «Күміс жақты кимешек» деп атайды. Кимешекті бұлай жасау кимешекке сән беріп қана қоймай, шылауышты төмен басып ұстап тұрады.

Болат БОПАЙҰЛЫ, этнограф.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 7 айға – 3752,84 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 7 айға – 5152,84 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 7 айға – 2352,84 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ»

амалы биыл ерте көрініс берді

«Қызырдың қамшысы», «Тобылғы жарған», «Қызыл жұмыртқа» амалдары өтті. Ауа райында әртүрлі өзгеріс, құбылыстар орын алды: күн күркіреді, найзағай ойнады, нөсер жауды, тіпті Алматының кей жерлерінде бұршақ та көрініс берді. Биылғы мамыр жылдағыдан өзгешелеу болып, ылғалды мол алып келді. Өткен жолы жазғанымыздай, жауынды-шашынды болып басталды.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қиырда киік төлдеп жатыр...

Табиғатты және оның аң-құстарын қорғаумен айналысатын мемлекеттік мекеме мамандары қазірдің өзінде киіктердің лақтай бастағанын айтып жатыр. Бұл бірлі-жарым жағдай. Дала аңының ішінара төлдеп жатқанының көрінісі ғана. Дегенмен, «Құралайдың желі» мамырдың ортасына қарай, жылдағыдан ерте басталатын сыңайлы.

Мамырдың аяғына қарай қатты суық жел тұрады. Сол кезде тау басына бұлт төніп, аспан бұзылады. Бұл – аң төлдейтін мезгілдің басталғанын білдіргені. Жел жерді біршама кептіргенімен, оны қатты суытып жібереді. Осы кезде киіктер лақтап болып, құралайын суық жерден тұрғызып, жүгіртіп өргізеді. Мамыр айының аяғында болатын осындай суық күндерді «Құралайдың салқыны» деп атайды. Қазақтар құралайдың салқынын күтіп, одан сақтанады. Киіктердің төлдеуі негізінен екі-үш күнге ғана созылады. Бірақ бәрі бір кезде төлдемегендіктен, науқан 20–5 күнге созылады. Бір ғажабы, киік мыңдаған лақтың ішінен өз баласын адаспай табады әрі енесі өлген басқа лақтарды да емізе береді.

Киікті қазақ кие санаған. Киіктердің мүйізінен пантокрин дәрісі алынады. Тұяғын күйдіріп, одан алынған күлді денедегі теміреткіге жағады, сусамыр ауруына шалдыққанды емдеуге пайдаланады.

Осындай қасиеті үшін қазақ киікті дәріптеп: «киелі жануар», «қасиетті аң» деп бағалайды. Әдемі заттарды «киіктің асығындай екен» деп, сұлу жаны «киіктің құралайындай екен» деп суреттейді. Көпке араласпай, жеке жүретін, саяқ өмір сүретін жандарды «кісі киік» деп атайды. Біздің сөздік қорымызда «киіктің ойнағы», «киіктің жатағы», «киіктің суаты» деген сөз тіркестері бар.

Мамырдың 20–25 аралығында тағы бір амал қатар жүреді. Ол Күйек деп аталады. Түз аңдарының күйегі түсуін көрсетеді. Аңыз бойынша Күйек қаба сақалды ағайдың аты делінеді. Басқаша аталуы: Қыр күйек.

Осы уақытта бірнеше күнге созылған сылбыр жауын болады. Қарайтын иесі, жылы үйшігі жоқ түз аңдары «ат көзінен келетін» көк майсаға туралап төлдейді. Ол амал төңірегінде алдағы пайымымызда айтатын боламыз.

Соңғы жылдары елімізде киіктің саны еселеп өсіп отыр. Батыс Қазақстан аумақтық инспекциясының бас инспекторы Нұрлан Рақымжанов БАҚ-қа берген мәліметінде қазір киіктің саны 2 миллионнан асқанын, өткен жылы 1 миллион 200 мыңдай құралай өмірге келсе, биылғы төл 1 миллион 800 мыңға жетеді деп мөлшерленгенін, ал жыл сайынғы 40 процент өнім есептелсе, 2025 жылы елімізде киіктің саны 4 миллионнан асып жығылатынын жеткізді.

Сәуір айында Қостанай облысына барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев киіктерді атуға тыйым салынатынын, қазақ даласының символына айналған ақбөкеннің көбеюіне тосқауыл қоятын шешімнің күшін жоятынын айтты.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

АҢ-ҚҰСТАРДЫҢ ӘРЕКЕТІНЕ ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ

* *Құр мен шіл құрқылдап пана іздесе, ұзамай боран басталатынын білдіргені.*

* *Қырғауыл мазасызданып, қатты айқайласа, жер сілкінетін көрінеді...*

* *Құстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауынды болады деп күткен жөн.*

* *Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса дауыл тұрады.*

Бүгін григорианша мамырдың 14-і, ай есебі бойынша, айдың – 6-сы, ескіше айдың 4-і. Апта айдың басы мен ортасына сәйкес келуде. Бұл ауа райында көп өзгеріс болмайтынын аңғартса керек. Алдағы аптада жауын-шашын ептеп болса да сирекситін сияқты. Сол себепті, күннің қызуы бұрынғы күндерге қарағанда, жоғарылай бастайды. Дегенмен, жаздың жайдарлы күндеріне әлі ертерек...

ХАБАРЛАНДЫРУ

27.11.1948 ж. туған 28.07.2022 ж. қайтыс болған Мамутова Несипбала Турусбековнаның өлімінен кейін мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлікке үміткердің Алматы облысы, Іле ауданының нотариусы Б.Нартбековаға (8 701 344 77 25) хабарласуын сұраймыз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефоны
арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге
дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
борттында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

«ТАҒДЫР ТАҚТАСЫ» –

Сахна саңлағы Асанәлі Әшімовтің шығармашылығы мен өміріне арналған қойылым

Қ.Қожамияров атындағы республикалық мемлекеттік академиялық ұйғыр музыкалық комедия театрының сахнасында КСРО және Қазақстанның халық артисі, КСРО және Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, театр және кино қайраткері Асанәлі Әшімовтың туған күніне орай ақын, драматург Бақыт Беделханның «Тағдыр тақтасы» (режиссері Ж.Жұманбай) драмасы көрсетілді.

Айнабай
МӘДИ

«Өмір дегеннің өзі тақтайдай тегіс емес қой. Оның ойы, қыры, бел-белесі болады. Онда түрлі ойын, сан алуан жүріс болады. Құдды бір шахмат тақтасындай. Ал тағдырдың басқа салғанына көндігесің. Көндікпегенде, қайда барасың?.. Мына автобиографиялық драма менің шығармашылығы мен өміріме арналған қойылым», – дейді қазақ өнерінің корифейі Асеев, Асанәлі Әшімов.

Ас-ағаң да аспаннан салбырап түсе қалған жоқ. Өмірде қазақтың қара шалдардың тәрбиесін бойға сіңіріп, өнерде талай маркасқадан сабақ алды. Дарын талантты алыстан таниды. Оның талантына сенген Шәкендей (Айманов) өнердің шедеврін жас актердің ақ терін ақтарып, көк терін сыпырып алды, шыңдады. Өнерде бәсеке болмаса, өледі. Алдыңғы толқын – аға-апалары оған ілгері жол сілтеді, замандастары да шетінен «мен атайын, сен тұра тұр» дейтіндей ақжойқын ақмылдықтар болатын. Бұл да Асеевтің өнердегі бағы болар.

Сол арқылы өзі де біраз белеске көтеріліп, өнер атты құдіреттің өрінде жүзген бұл – өмірдің қызығын да, шыжығын көрген адам. Өнердің өрісінде құлашын кеңге сермеген ұлы актер қайда барса да «шаршы тақтаны» жанынан тастамағанын білеміз. Сірә, сергектікті жанына серік еткенге бұ-дағы қиялына қанат бітіргендей. Жастау кезде қай шаруаның да қисынын тауып, қиядан шауып жүретін талапкерлігін бабалар рухы қолдап, Ысқақ пірәдар атасының аруағы желеп-жебеп жүретінін сезетіндей. Жасы ұлғая, көрген-білгені толыса келе, мұны толық түйсінді.

Айтарымыз, аталған драманы «Алматы әуендері» КМҚК қарасты «Жаңа ғасыр» жас-

тар театры қойды. Жиылған өнерсүйер қауым кеңестік және қазақстандық кино және театр актері, кино және театр режиссері, театр педагогы, профессор, Қазақстан театрлар қауымдастығының президенті А.Әшімовтың шығармашылығына шырай беріп, өмірінен сыр шертетін қойылымды ынта-жігерімен ден қойып көргеніне куә болдық.

Сонау елуінші жылдың белортасында Алматыдағы ауылшаруашылық институтына «агроном болам» деп келген бозбала қалайша актер болып шыға келді?.. Әлбетте, Райымбек (Сейітметов) достың сүйемелдеуі, театр қайраткері Асқар Тоқпановтың «тоқпағы» көп әсер еткені анық. «Сенен мықты актер шығады!» деп, «талағының биті бар» баланы дер кезінде таныған өнердің хас шеберінің көрегендігін айтпайсыз ба?.. Бұл – болашақтағы сахна саңлағын саңылаудан танып, білу.

Қойылым өрімдей талапкер жастың өнерлі Майраға өлдерей ғашықтығынан басталуы бекер емес. «Ән салса, Майрадай салсын!..» дейтін жалын жас Асанәлі жас әншіні қолына қондырады. Жан-жарын өмір бойы ардақтап өткен театр корифейі өмірдің ащы-тұщысын бір кісідей татты. Тағдыр оны талай сынға салды. Құдайдың басқа салғанына не шара. Сол ауыр өмір

сынақтарынан өткен өнер қайраткері бүгінде 87-белесті лайықты табыстарымен бағындырып отыр. Өнердің қарт қыраны өзінен кейінгі талай буын – жас таланттың балақ бауын сыпырып, шарықтатты. Өнердегі жас әріптестерінің аяқ алысына дер кезінде бағасын беріп отырды. Содан жаман болған ешкім жоқ.

Мына қойылымды қойған «жаңағасырлықтар» Асеевтің немерелеріндей өнер қырандары. «Таланттыдан шыққан сөз – талаптыға болсын кез» деген, міне, осы. Жастар театрының «Алматы әуендерінің» жанынан отау көтеруіне бас-көз болған да Асеев еді. Ата-дәстүрге адалдық, ұрпақтар сабақтастығы деген сол. Қойылымдағы көркемдік көрініс: мифтік, мистикалық дүниелер қазақтың дәстүрін дәріптеп, ырым-жоралғысына жол сілтейтіндей.

Қазақ өнерінің хас шеберін бейнелеген қойылымды көруге келген өнердегі әріптестері, шәкірттері, театр көрермендері қойылымға дән риза. Ыстық ықыласын білдірген театр қайраткері Есмұқан Обаев, жазушы Нұрлан Оразалин, «Алматы әуендері» өнер ұжымының басшысы Бақтияр Тайлақбаев, тағы басқа азаматтар өнер қайраткеріне ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, шығармашылық шабыт тіледі.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

«ӘР НӨМІРІН АСЫҒА КҮТЕМІН»

«Алматы ақшамының» жеңімпаз оқырмандары сыйлыққа ие болды



«Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» басылымдарының оқырмандары үшін жыл сайын «Жазыл да, ұтып ал!» байқауы ұйымдастырылады. Биылғы жеңімпаз оқырмандардың есімі газеттің өткен нөмірінде жарияланған болатын. Жеңімпаздардың ұтысын «Alatau Aqparat» медиахолдингінің коммерция бөлімінің жетекшісі Қуаныш Дюскалиев табыстады. Салтанатты марапаттау Aport Mall East кешенінде өтті.

«Біздің байқауға өте көп оқырман қатысты. Солардың арасында санаулысы ғана жеңімпаз атанды. Қаланың тыныс-тіршілігін оқырманға дер кезінде жеткізетін екі газетке жазылушылардың саны жыл сайын артып келеді. Басылымдардың мазмұны күн сайын қызықты бола түседі. Бізді басқалардан ерекше ететін ең маңызды нәрсе – бұл әрқашан өзекті және сенімді ақпарат», – деді Қуаныш Дюскалиев.

«Ақшам» жеңімпаздарының бірі – Қасым Сәдібеков. Ол біздің газетке 2015 жылдан бері жазылып келеді. Байқауға қатысып, блендер жиынтығын жеңіп алды.

«Мен газетте жарияланатын ақпараттарға сенемін. Біздің сүйікті шаһарымыздың жаңалықтары мен мәселелерін жариялайтыны үшін бұл қос басылымды бағалаймын.

Ұжымға сәттілік тілеймін!», – деп ізгі тілегін білдірді жеңімпаз оқырман.

Тағы бір жеңімпаз 71 жастағы Тажикан Алимжанова байқауға алғаш рет қатысып, микротолқынды пешке ие болды.

«Almaty aqshamy» – менің сүйікті газетім. Әр нөмірін асыға күтемін. Ұжымның барлық мүшесіне алғыс айтқым келеді. Газетке шығармашылық табыс тілеймін. Оқырмандар саны көбейе берсін!», – дейді ол.

Ал «Вечерний Алматы» газетінің оқырманы, алматылық Надежда Дин блендер жиынтығын жеңіп алды.

«Мен Алматыда 1957 жылдан бастап тұрамын. Содан бері «Вечерний Алматы» газетінің тұрақты оқырманымын. Алматылықтар міндетті түрде жергілікті газетке жазылуы керек деп санаймын», – деді Надежда Дин.